
ОНОМАСТИКАЛЫҚ ХАБАРШЫ

**№ 1 (33)
2017**

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы
Республикалық ономастика комиссиясының бюллетені

**ОНОМАСТИКАЛЫҚ
ХАБАРШЫ**

№1 (33)

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-
саяси жұмыс комитеті

*ҚР Ақпарат министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
2004 жылғы 11 тамызда
№5336 – Ж куәлігі берілген.*

**Редакциялық алқаның
төрағасы:**

А. Мұхамедиұлы

Редакциялық алқа құрамы:

А. Баталов
Қ. Асыллов
Ғ. Мелдешов
Ж. Ерғалиев
А. Смағұлов
Х. Әбжанов
Н. Уәли
А. Жартыбаев
С. Иманбердиева
Д. Қыдырәлі
С. Әбдірахманов
Т. Жақсылықов
Т. Қышқашбаев
М. Серікбайұлы
Н. Жүсіп
С. Негимов

Бас редактор

Қ. Әбіл

Бас редактордың орынбасары

Г. Құбашева

*Зиба Құламанова,
Тараз қаласы М.Х.Дулати атындағы Тараз
мемлекеттік университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ - ТУҒАН ӨЛКЕ, АТАМЕКЕН, ОНОМАСТИКА

Мемлекеттік тілге деген қамқорлықты Елбасының ана тіліміз туралы әр жылдары айтылып, қанатты сөзге айналған төмендегідей тұжырымдарынан да көруге болады: «Тілге деген көзқарас – шындап келгенде, елге деген көзқарас», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы», «Қиын кезеңдерде ұлтты қожыртпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі бүгінгі азат өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың тегеурінді тетігі болуға тиіс», «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін», «Ұлттық тілмен ұлттық сана қалыптасады», т.б.

Республикамыздың ел бірлігі доктринасында мемлекеттік тіл ұлттық және рухани бірліктің басты факторы, шешуші басымдығы ретінде айқындалған. Оны меңгеру әрбір азаматтың міндеті мен парызы болып табылуымен қатар, жеке бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге атсалысудағы белсенділігін айқындайды. Елімізде қазақтар санының айтарлықтай басымдыққа ие болуы, басқа ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілге деген оң бетбұрысы, Үкіметтің жүйелі тілдік саясаты – Президент көрсетіп отырған міндеттерді белгіленген мерзімде орындаудың шешуші факторлары болып табылады.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздік тұғырынан көрінген тұста халқымыздың асыл қазыналарына жаңа жол ашылды. Осы жолда бұрын белгісіз, зерттелмей келген мұраларымыз қайта жарық көріп, халыққа орала бастады.

Қ.Жұбанов: «Тіл – адамзат тарихының қоймасы тәрізді. Жердің тарихын білем дегендерге белгілі бір тәртіппен бірінің үстіне бірі орналасқан қатарлар арқылы із қалдырып, жердің геологиялық дамуының кезеңдерін көрсететін жер қабаттары тәрізді тілдің де әрбір кезеңі даму тәртібіне сай тілде қаланып, қалыптасып сақталады», – деген болатын [1,170-б]. Проф. Ж.Манкеева: «Тіл халықтың материалдық қана емес, рухани байлығының көрсеткіші, тіл – халықтың рухы. Ия, бір заттың атауы – ұлттық сана мен ұлттық талғам сабақтастығының нәтижесінде пайда болып қалыптасатын туындының тілдік бейнесі. Демек, тілдік атау белгілі бір затты ғана білдіріп қоймай, ұлттың өзіне тән дүниетанымдық ерекшелігіне сай туындаған тұрмыстық бұйымды атайды» [2, 28-б] деп жазады.

Ономастика, негізінен, – тіл білімінің кез келген жалқы есімін зерттейтін ілім. Кез келген тілдің лексикалық қорының негізгі қабатын жалқы есімдер құрайды.



Накты бір тарихи кезеңде бір территорияда орналасқан тілдік қауымдастықтың атаулар жиынтығын ономастикалық кеңістік деп атайды.

Әдетте, ономастикалық кеңістікті кез келген халықтың, қауымдастықтың тілдік құралдармен белгіленетін ақиқат және қиял нысаналардың атаулары мен есімдері, яғни онимдік бірліктері құрайды. Ол атаулар моделіне сай, қоршаған ортаны сан ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетаным, ұлттың ой-өрісі негізінде бөліктеу ерекшелігіне сәйкес жасалады. Қазақстанның ономаст, маман ғалымдары онимдік бірліктерді сегменттерге, топтарға бөлгенде, Батыс Еуропа және орыс ғалымдары жүйелеулеріне сүйенген. Осы орайда, көпшілікке ұғынықты болу үшін қазақ ономастикасының басты тармақтары мен топтарын әлемдік ономастика, одан бергі орыс ғалымы Н.Подольскаяның қолданған жүйесі негізінде көрсетуге болады. Ономастикалық кеңістік атаулары грек және латын тілінің негізінде интернационалдық терминдік элементтерден жасалған.

Атап айтсақ, 1.Жер беті кеңістігі атаулары. 2.Жанды және жансыз болмыс атауларына байланысты жер беті кеңістігі атаулары. 3.Адамның тіршілік аясындағы атаулар. 4.Ғарыш кеңістігі атаулары.

Ономастика қазақ тілі лексикасының ажырамас бөлігі болғандықтан, ол ерекше лексикалық жүйе ретінде қаралып, оны зерттегенде жалпы тіл бөліміне тән методология мен әдістемені қолданып жүрміз.

Ономастикалық зерттеудің мынадай негізгі бағыттары бар: тізімдегі ономастикалық жүйелердің дамуы мен қолданыс аясын зерттейтін теориялық ономастика, материалдарды сипаттамалы ономастика атаулардың шығу, пайда болу жолын, олардың бір атаудан екінші атауға ауысуын, атаулардың белгілі бір тарихи дәуірлерге тәндігін зерттейтін тарихи ономастика, ономастикалық материалдардың күнделікті тұрмыста қолданылуы жайлы ұсыныс, нұсқау беретін қолданбалы ономастика, көркем әдебиет шығармаларындағы атауларды зерттеумен шұғылданатын поэтикалық ономастика [3,35-б].

Ономастика мәселесінің ұлттық сана қалыптастырудағы қарқынды дамуы – оның саралануына және дамуына себепші факторлардың бірі. Ономастика салаларының бірнеше түрлерінің бар екендігін айта отырып, олардың ғылыми тұрғыдан зерттелу деңгейінің бірдей еместігін анық байқауға болады. Сондықтан қазақ тіл білімінің маңызды міндеттерінің бірі – қазақ ономастикасын және оның жаңа бағыттарын кешенді түрде зерттеу болып табылады. Негізінде, бұл бағыттардың белгілі бір мақсаты, міндеті мен жол-жөні, әдістері болады.

Дәлірек айтсақ, қазіргі ономастика кешенді ғылым болып табылады: ол әртүрлі филологиялық, гуманитарлық, жаратылыстану, әдебиеттану ғылымдарының әдістері мен мүдделерін қамтиды, оның дамуына филолог-лингвистер, фольклоршылар, тіл тарихын зерттеушілер, әлеуметтанушылар, философ-логиктер, тарихшылар, қоғамтанушылар, географтар, мифологтар, астрономдар, архео-

логтар, мәдениеттанушылар, т.б. қатысады. Дегенмен ол ең алдымен тіл біліміне қатысты. Көпшілік мұны тек ономастика жеке ғылым статусын алғаннан кейін ғана XX ғасырда мойындады. Оның бергі жағында еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ономастика ғылымы қайта түлеп жаңғырды.

Шығыстың кемеңгер ойшылы Конфуций осыдан екі мың жыл бұрын Қытай билеушілерінің біріне мемлекеттегі істерді оң жолға қоюды атауларды дұрыстаудан бастау керектігі туралы: «Егер атаулар дұрыс болмаса, сөздердің негізі болмайды. Сөздердің негізі болмаған жағдайда, іс те жүрмейді және халық та не істерін білмейді», – деген екен. Жер-су атауларының феномені неде жатыр десек, олар – тіліміздегі ең көне сөздер ретінде аса ерте, есте жоқ замандардан күні бүгінге дейін жеткен ұлтымыздың ұлы рухани мұрасы. Өзінің айрықша тілдік табиғаты, тұрақтылығымен бізге беймәлім арғы ата-бабаларымыздың тілінде өрнектелген ежелгі атаулардың қазіргі тілдік айналымында болып, қоғам қажетін өтеуінің өзі феномендік факт екендігі даусыз.

Бүгінгі күні ономастика ғылымының өзекті мәселелері қандай деген сауалға келсек, ономастика ғылымы – қоғамның ажырамас бөлігі. Өйткені адам дүниеге шыр етіп келгеннен бастап, оның есімі, оның туған жері, ата-анасы, тәрбиеленген балабақшасы, білім алған мектебі, оқыған кітаптары, тұрған көшесі, т.т. барлығы да онимдер арқылы анықталып отырады.

Ономастиканың антропонимика, топонимика, этнонимика, зоонимика, космономимика, гидронимика, оронимика, урбаноним, идеоним, дромоним, комоним, астионим, ойконим, т.б. салалары бар. Антропонимдерге байланысты кісі есімдерінің аталу семантикасы, олардың орфографиялық нормаларына сәйкес жазылуындағы кездесетін қателіктер мен кемшіліктер жетерлік. Мәселен, жеке куәлік.

Енді көше атаулары – урбанонимдер, жарнамалар, көрнекі ақпараттар туралы сөз етсек, өз алдына шешілмей жатқан мәселелері. Көше атауларына байланысты қажетті құжаттар мен негіздемелер, тіпті кейбір көше атауларының нақты кімнің есіміне байланысты аталғандығы, атау берілген көшеге тек қана тегі жазылып, кісінің есімінің кім екендігі белгісіз жағдайлар жиі кездеседі.

Көрнекі ақпарат құралдарының тілді насихаттауға байланысты, Елбасы Жолдауы және Елбасының сөздері, халық даналығы мен әлеуметтік тақырыптарда жазылған билборд, арка, қалқан, бренмауэр, т.б. Заң талаптарының бұзылуына қатысты өрескел кемшіліктер кездеспейді. Тек кейбір көрнекілік мазмұны түсініксіз. Дүкен, ломбард, ресторан, сұлулық салоны, қонақ үй және т.б. мекеме, нысандар жарнамаларында стилистикалық, грамматикалық, орфографиялық қателер өріп жүр және Заң талаптарына сай келмейді.

Мәселен, Тіл туралы заңның талаптарына сай емес, өшіп қалған, дұрыс аударылмаған сөздер, жарнамалар жиі кездеседі. Көліктерде, сыртқы арнаулы

құралдарда, түрлі нысандарда сауда-саттық орындары үйлерінің, т.б. маңдайша жазулары жиі жолығады. Заң талабына сай емес. Тек орыс тілінде жазылған жарнамалар «*Мир воздушных шаров*», «*Мясной мир*». «*Мир Дверей линолеума*», «*Безконтактная мойка. Химчистка ковров*» және т.б. қаптап кездеседі.

Жарнама мазмұны, беретін ұғымы түсініксіз, сондай-ақ тілдік норма бұзылған, дұрыс аударылмаған. Мысалы, – «*Құрбыңнан қарызалдың ба? Тығылудың қажеті жоқ.* (Ташкент көшесі). «*Ерлер әлемі*», «*Жарық әлемі*», «*Есіктер әлемі*», «*Балалар әлемі*», т.б. көрнекі ақпараттарда «*әлемі*» орынды, орынсыз қаптап кеткен. Жамбыл даңғылының бойында: «*Қонақ Гельберт үйі*», «*Жайлы дәм қытырлақ болғанға дейін қуырылған*». Ниетқалиев көшесінде «*Іс шаралар, әр түрлі, бір қатар*». Ташкент көшесінде «*Назар аударыңыз бейнебекіту*». Қазыбек би көшесінде «*Әйелдер, сөмкелер, аяқ киімдер*» т.б. соны көрсетеді.

Айта берсек сыртқы көрнекі ақпараттың (жарнама, маңдайша, сыртқы безендіру құралдары, т.б.), соның ішінде, мемлекеттік тілде, орыс тілі, шет тілі, адам есімдері, ұлт, ру атаулары, кейбір қысқартылып аталған атаулар, топонимикалық, т.б. атауларға қатысты көптеген кемшіліктер мен қателер кездеседі.

Шет тілінде атауы қойылған дүкендерге оралсақ, жазуы көзге жалтырап көрінгенімен, мән-мағынасы жөнінде көпшілігі хабарсыз. Мәселен, Қазыбек би көшесінде орналасқан «Роко-коко» дүкенін алайық. Бұл дүкеннің атын италияндық бренд атымен қойған екен. Мағынасынан дүкен иелері да хабарсыз. Тек бренд екенін алға тартады. Ал «Bonita» дүкенінің атауы испан тілінен аударғанда «сұлу» деген мағынаны білдіреді. Бұл екі қатар орналасқан дүкендер шет тілінде қойылған атаулардың мағынасын әрқайсысы біле бермейді. Осы дүкендерге қарама-қарсы орналасқан, қазіргі таңда қыз балалардың жиі баратын киім дүкені «Banna Banna». Banna деген фамилия бар-ды. Banna исланд тілінде - *тыйым*, ирланд тілінде *топ* деген мағынаны білдіреді.

Абай даңғылында орналасқан танымал «Extra» дүкені Түркияда өндірілген тауарларды сатылымға шығарады. Ал бұл дүкеннің өзі сол фирманың филиалы болып табылады. «Extra» сөзі қосымша деген ұғымды білдіреді. «Weber» атауы болса ағылшын тілінен аударғанда web мата деген ұғымды білдірсе, ал -er сын есімнің жұрнағы.

Әйтеке би көшесіндегі «Volero» дүкенінің атауы болса, аты айтып тұрғандай болеро деген ұғымды білдіреді. Бұл дүкендер өзге тілде жазылып, жұрт назарын тудырғанымен, атауына қанып жатқандар шамалы. «Moda Mix» атауы аралас сән, «Nouvelle» жаңалық ұғымын білдіреді. **Mimioriki** – Қазақстанда өндірілетін барлық жастағыларға арналған Textiline компаниясының бренді. Бұл – отбасылық бизнес. Mimoriki-ирланд тілінде Рикиге естелік ұғымын білдіреді.

Абай даңғылыда орналасқан Маранта – алақанын жайып, құдайға жалбарынып тұрғанға ұқсайтын жапырақты өсімдіктің аты. «Мон» атауы менің, «Fashion

Italy» - италияндық сән, «Joy Style» – қуанышты стиль, «Imperial» – императорлық, «Ted Lapidus» - ииссу, «Second Hand» - базар ұғымдарын білдіреді. «Sofi» - швед тілінде қыздың есімі. Оны София деп те атайды. «Move up» - жоғары болса, «Ralf Ringer» - өз ісінің шеберлері және жол ашық, «Paradise Rose» - жұмақ раушаны мағынасын білдіріп тұр. Норвег тілінен аударғанда «Hele» барлығы болып табылады. «Reebok» компаниясының орналасқан жері Бостон Кэнтонде (Массачусетс штаты). Қазіргі уақытта «Adidas» компаниясының құттықтау сыйлығы болып саналады.

Сондай-ақ көпке мәлім «Zara city» мен «Kari» дүкен атауларына тоқталсақ. Бұл қыз баланың есімдері. «Kari» дүкені қаланың біршене көшелерінде орналасқан. Олар – Айтиев көшесі, 9-мөлтек аудан және 12-мөлтек аудан. Ал «Zara city» Абай даңғылындағы атауын өзгертпек болғанымен, Пушкин көшесінен жаңа дүкені ашылған. («Шарм», «Banna Banna», IRC (Internet Relay Chat), «Red Hat», «Bonita», «BOSFOR» кафесі, «TERAZZA» мейрамхана, ваг «Alligator», «OLIMPIC» кафесі, «Halal burger», «Yakamoz» кафесі, кафе «N-Joy», мейрамхана «Ras», «Sakartvelo» кафесі, «EMBAWOOD» жиһаз салоны, «ARMADA» gold, дүкен «Crocus» магазин, дүкен «LEON» кафесі «Silk way», тұрмыстық техникасы «GRAND» сауда орталығы, «Euro Style» жиһаз дүкені, «Ankara» дүкені, «Prima market» (дүкен), «Ninel» сұлулық салоны, «Сән-Prize» сұлулық салоны, «Мария GOLD» салон, «PLAZA» сұлулық салоны, «ARKADIA» жылжымайтын мүлік агенттігі, спортивный клуб «Muscle GYM», JOY STYLE т.б.). Жамбыл облысы Тілдерді дамыту басқармасы осы мәселелерді үнемі назарда ұстап, қала жастармен, еріктілермен біріге отырып бірнеше рет іс-шаралар өткізді.

Бұл қателер – даңғылдар мен көшелерде орналастырылған көрнекі ақпараттар мен жарнама мәтіндерінің (Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 21 қаңтар, 2013 ж. № 72-V ҚРЗ (ҚР-ның Ономастика туралы Заңы) [4], Қазақстан Республикасының Тіл туралы және «Жарнама туралы» заңдары талаптарына сәйкестігін және сауаттылығының сақталмау салдарын, Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін жер-су атауларына тарихи маңызы бар көне атауларын жаңғырту, қайта ат қою қажеттілігі туындады. Еліміз егемендікке ие болып, тәуелсіздік туын тігуі және қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы Қазақстан жер-су атаулар жүйесінің де ұлттық сипатқа қайта орала бастауына түрткі болды. Ұлттық сананың жаңғыруы қазақ халқының мәдени, әлеуметтік өмірінің барлық салаларында көрініс тауып, ұлттық құндылықтарды жаңғырту арқылы рухани болмысымызды жандандырды.

Президент Н.Назарбаев былай дейді: «Қазақтар – ұлы өркениеттердің мұрагерлері тарихтың сан-сапалық құз-қияларынан өзінің ұлттық «Мен» дегізерлік қасиеттерін алып шыға алды. Жай ғана алып шығып, жай ғана сақтай білген жоқ, сонымен бірге еселеп жаңғырта да білді» [5, 23-б]. Тіпті саясат



салдарынан кеше тыйым салынып келген жер-су, көше, нысан атауларының өзі қайта жаңғырып, отаршылдық атаулар жойылып, оның орнына жаңа және халықтық атаулар қойылып жатыр. Осыған орай, соның ішінде жер-су аттарын зерттеу – бүгінгі қоғамымыздың алдына қойған мақсаттарының бірі болды.

Поляк ғалымы В.Ташицкий кезінде алдын ала болжағандай: «Лингвистиканың келешекте дамуы, оның аумағының кеңеюі, көбіне ономастикалық зерттеулерге тікелей байланысты», - десе, А.А.Реформатский: «Ономастиканы тек тілші ғана зерттеп қоймай, тарихшы, географтар да зерттеп, шұғылдану керек. Географтар географиялық комментарий жасаса, лингвистер тілдік тұрғыда түсіндіріп талдайды, тарихшылар интерпретация жасап, тарихқа қолданады», – дегенді айтқан.

Жамбыл облысында бойынша «Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін күшпенен тарих шаңының астында қалған, ұмыт болып кете жаздаған ойконимикалық атауларды қалпына келтіру үрдісі басталды. Дегенмен біраз атаулардың әлі сол күйінде қалуы империялық психологияның, оның өкілдерінің санасында (диаспорада) әлі де болса ескі сарынның қалғанын көрсетеді. Мысалы, Гродиково, Пионер, Юбилейное, Пригородное, Гранитогорск және т.б. [6, 10-б]. Осы тәріздес отаршылдық, тоталитарлық топонимдер республикамызда қаншама?!... Ал елімізге сырттан келген туристерге, қонақтарға ұсынылатын қазақ тіліндегі карталар, жол көрсеткіш нұсқаулықтар жоқтың қасы.

Карта (нем. Karte; түп нұсқа; грек. Chartes – жазуға пайдаланылатын папирус парағы) – жер бетінің (географиялық карта), жұлдыздың, аспанның немесе олардың жеке бөліктерінің кішірейтіліп, арнаулы деректер толық көрсетіліп, жазықтық бетінде кескінделуі. Бағы заманнан бері қарай карта арқылы жердің бетінің өрнектерін, мемлекеттердің шегараларын, ойпат-қырларын, тұрмыс құруға қажетті өзен-суларын, т.б. бірден бағамдап, мағлұмат алуға болады [6,767-б].

Қазақ жер-су атауларын жасауға қатысатын халқымыздың рухани, мәдени дүниетанымдық жүйесі мен материалдық тұрмыс-тіршілігіне байланысты ұғымдар кешенінің ортақ, бірегей екендігі тәуелсіздігімізді алғаннан соң ғана айқындала бастады.

Қазақ елі жердің қадірін өте ертеден-ақ біліп, бір ата-бабасының зираты жатқандығы үшін де оны ерекше қастер тұтқан. «Туған жердің бір уыс топырағы бұйырса екен!» – деп тілейтін халқымыз сонау бір қиын-қыстау замандарда атақоныс жерден айырыларда қабырғасы қайысып, жалғзынан айырылғандай күй кешкен. Кенесары қонысынан ауарда Досқожа ақынның:

Артымда қалып барасың,
Бастары самал тауларым!
Арасы биік бауларым,
Кетемін деген есте жоқ,
Кетірді дұшпан – жауларым!
Сарқырап аққан тастақтан,

Сабадағы сары қымыздай,
Сарқырап аққан бұлағым

Аман бол, қайран шырағым!... – деп, қасіретті шерін тарқатады.

Бұл жерде ақын кіндік қаны тамған, өркен жайған жайлы қонысынан айырылуымен қатар туған жердің тарихынан да біржола қол үзбек. Себебі кез-келген мекеннің атауы, таулар мен құз-шыңдары, бұлақтың өзіне тән атауы болады. Жалпы қазақ халқы өзінің даласындай жайдары да жалпақ тілмен елді мекенге ат қойып, айдар тағуға шебер халық болғандықтан, оған байыппен қарап үлкен мән берген. Халық тарапынан қойылған әрбір жер атауы – сол жердің тарихи куәлігі, паспорты. Бұл атаулар жүйесі – жерімізде әр заманда мекен еткен тайпалар мен ұлыстардың, түптеп келгенде, өз еліміздің ғасырлар бойы жасаған ой-санасының, ортақ мәдени, рухани төл туындысы. Әрбір елді мекен атаулардың өзіндік тарихы, олардың астарында белгілі мән-мағына, арман-тілек жатады. Сол себептен де отарлаушы ел тарихи атауларды санадан өшіруге талпынғаны да сондықтан, біріншіден, тарих байланысын үзіп, екіншіден, жерді жеке меншік мүлікті өз атына аударып алғандай өз тіліне аудару деп түсінеміз.

Қорыта айтсақ, ономастикалық атаулар еліміздің тыныс-тіршілігіне қажетті бағыт-бағдар беретін таңбалық қызметінен басқа үлкен қоғамдық-саяси маңызға ие. Оның ұлттық, танымдық сипаттары алдыңғы қатарға шыққан. Себебі, онимдер адамзат қоғамымен пайда болып, оның өмір сүруімен қоғамға қызмет етеді, ілгері дамып, қоғамдағы өзгерістерден тыс қалмайды. Бүгінгі Қазақстан қоғамы өзгерістерінің басты бағыты – мемлекеттік тіл саясаты болса, қазақ ономастикасы сол тілдің оның құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі таңда ономастика ғылымы республикалық ұлттық тіл саясатының жетекші бағыттарының бірі ретінде қолданылып отыр.

Осы кезеңде ұлттық ономастиканың көкжиегі кеңейе түсіп, еліміздің ғалымдары мен ономаст мамандары әлемдік ономастика жетістіктерін ескеріп және жаңа зерттеу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, тәуелсіздігіміздің ширек ғасырында іргелі де кешенді теориялық мәселелерді шешуге қол жеткізді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1997. 272-б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
3. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: «Наука», 1988. 189 с.
4. «Егемен Қазақстан» газеті. 21 қаңтар, 2013 ж. ҚР 21 қаңтар, 2013 ж. №72-V ҚРЗ ҚР-ның Ономастикалық Заңы.
5. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: «Атамұра», 1999.
6. Құламанова З.А. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. 808-б.



ОНОМАСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚЫСҚАША СӨЗДІГІ

А

АББРЕВИАТУРАЛЫҚ АТАУ – сөз тіркестерін қысқарту арқылы жасалған жалқы есім түрі.

1. Акроним сияқты инициал түрі – сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің бас әріптерінен тұратын атау Мыс.: ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, АҚШ – Америка құрама штаттары, БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы, ШЫҰ – Шанхай ынтымақтастық ұйымы.

1. Күрделі қысқарған түрі – а) аппелятивті не онимдік тіркестің, не жеке есімдердің бастапқы бөліктерін тіркеу арқылы жасалған жалқы есім. Мыс.: Марлен – Маркс, Ленин. ә) бастапқы буын және әріптерден құралған кәсіпорын атауы. Мыс.: ҚазҰУ – Қазақ ұлттық университеті, ҚарМУ –Қарағанды мемлекеттік университеті, ТарМПИ – Тараз мемлекеттік педогоикалық институты.

АББРЕВИАТУРАЛЫҚ ТЕК қара: тек-аббревиатура.

АББОРИГЕНДІ ЕСІМ қара: абборигенді жалқы есім.

АВТОЭТНОНИМ қара: этноним.

АГИОГРАФИЯЛЫҚ ЕСІМ қара: агиографиялық кісі есімі.

АГИОНИМ – қасиетті әулиенің есімі; ел ішінде «әулие» ұғымына ие болып, таралған есімдер, мыс., Арыстанбаб, Қарғабаб, Домалақ ана.

АГИОТОПОНИМ қара: топоним.

АГОРОНИМ урбанонимнің бір түрі (қара), қала алаңының немесе базарының атауы. Мыс.: Кенжехан, Болашақ, Сәлем, Ескі алаң, Барлық т.б.

АГРООНИМ – топонимнің түрі (қара), жер телімі, егістік, егінжайдың атауы. Мыс.: Қызыл егістік, Көкжайлау.

АКРОНИМ қара: аббревиатуралық есім.

АЛЛОНИМ – кез келген объект атауының варианты; әртүрлі тілдік жағдайда жалқы есімнің немесе оның құрылымындағы бір элементінің (фонеманың, морфеманың, лексеманың) өзгеруі; аллонимдердің бірнеше түрлері болады: ресми және бейресми (Байтұрсын – Тұрсын, Бектемір – Бек, Нұрбүбі – Бүбіш), әдеби және диалектті (Ғалия – Қалия), әдеби және аймақтық, стильдік, транскрипциялық (Джамбыл – Жамбыл, William – Вильям, Уильям), хронологиялық (қала атаулары: Алматы – Заилийское –Верный – Алма-Ата – Алматы; Қараоткель – Ақмола – Ақмолинск – Целиноград – Ақмола – Астана).

АЛЛОЭТНОНИМ қара: этноним.

АНАТОМИЯЛЫҚ ЛЕКСИКА [халық географиялық терминологиясында] – адамның, жануардың дене мүшелерін білдіретін метафоралы географиялық терминдердің негізін құрап, топонимдер құрамына енетін сөздер. Мыс.: жал – Ақжал, мұрын – Құсмұрын, емшек – Қыземшек т.б.

АНДРОНИМ антропонимнің түрі (қара:); күйеуінің есімі, тегі немесе лақап аты бойынша әйелін атау.

АНЕМОНИМ – оним түрі. Табиғи зілзала атауы, соның ішінде жел, дауыл, циклон, тайфун атаулары. Мыс.: «Фитоу» тайфуны, «Болавен» тайфуны, Алиса дауылы т.б.

АНОНИМ 1. Өз есімін жасырған шығарма немесе хат авторы. 2. Авторы көрсетілмеген шығарма.

АНТЕЦЕДЕНТ – көне философтар, әсіресе, Кант мектебінің логиктері тілінде, олардың тұжырым, пікір және дәлелдерінде антецедент белгілі түрде баяндауышқа қатысты логикалық бастауышы дегенді, басқаша айтқанда, салдардың себебін білдіреді. Шартты түрде айтатын болсақ, «Егер А, онда В» айтылым «А» антецедент дегенді білдіреді; айтылым «В» консеквент (лат. consequens – «салдар», «тұжырым») дегенді білдіреді. Мысалы, шартты айтылымда «Егер қазір түн болса, онда қараңғы»: антецедент – «қазір түн», ал консеквент – «қараңғы».

АНТОНИМДІК ЕСІМ қара: бинарлы оппозиция.

АНТОНОМАСИЯ – лексикалық мағынаның екі түрінің – негізгі және мәтін ішіндегі, нысанды-логикалық және аталымдық мағынаның бір уақытта іске асуына негізделген жеке стильдік тәсіл.

АНТРОПОЗООНИМ қара: зооним.

АНТРОПОМОРФТЕУ – жануар, зат, құбылыстарға т.б. кісі есімін телу. Қара: антропоморфтік атау.

АНТРОПОМОРФТІК АТАУ – жануар, зат, құбылысқа т.б. телінген жеке есіміне айналған кісі есімі. Мыс.: «Алиса» дауылы, «Әйгерім» дүкені, «Вася» мысық.

АНТРОПОНИМ – онимнің ірі разряды; адамның аты (Балжан, Бауыржан, Шоқан), лақап аты (Жаңғалақ, Тапал), әкесінің аты (Орынбасарқызы, Омарханұлы), жасырын аты (А.П. – А.С.Пушкин, Ч.Б.С. – А.П.Чехов), бүркеншік аты (С.Сейфуллин – Жұмақан, Денев Катрин — шын фамилиясы Дорлеак) т. б. Антропонимнің бірнеше түрі бар: диалекті антропоним – антропонимнің диалекті формасы және диалектік лексика (негізінен лақап ат) сөздерден жасалған антропоним; индивидуалды антропоним – жеке бір адамның есімі, мысалы, Әйгерім, Нұрлан, Саят т. б.; әдеби антропоним – әдеби тіл нормаларына сәйкес келетін антропоним формасы, мысалы, Бақтияр, Сәкен, Ләйлә т. б.; поэтикалық антропоним – атау қызметінен басқа стилистикалық қызметін атқаратын көркем шығармадағы антропоним, әлеуметтік және идеологиялық бағыты болуы мүмкін, негізінен шығарма кейіпкерінің мінезін, бейнесін көрсету қызметін атқарады, мысалы, Тоғжан, Ұлпан, Ботағөз, Қарабай, Мәжнүн, Бекежан т.б. Е с к е р т п е: п. а. ойдан шығарылған атаулар категориясына жатуы мүмкін, бірақ жазушылар өмірде болған тұлғалардың есімдерін немесе ойдан шығарылған, бірге өмірде болған



тұлға есімдерін біріктіріп қолдануы мүмкін; п. а. терминінің орнына көбінесе «көркем шығарма антропонимі», «белгілі бір шығармадағы жалқы есімдер» сияқты анықтаушы сөз тіркестері, «әдеби антропоним» термині қолданылады; ареалды антропоним – өмірде, тұрмыста, болмыста бар антропоним; топоантропоним – кез келген топонимнен жасалған антропоним. Мыс.: Жамбыл, Тарази, Баласағұни, Қашғари, әл-Фараби т. б.

АНТРОПОНИМДЕНУ – апеллятив немесе онимнің басқа түрінің антропонимге ауысуы және осы разряд түрінде қалыптасып, дамуы. Мыс.: тапал – Тапал лақап аты – Тапалов тегі; «Йүгінек» елдімекен – Йүгінеки тегі;

«Зухра» жұлдызы – Зухра кісі есімі.

АНТРОПОНИМДІК – антропонимге қатысты сын есім.

АНТРОПОНИМДІК АФФИКС (ЖҰРНАҚ) – кісі есімін жасаушы аффикс. Сөздің антропоним, атаудың антропоним екендігін көрсететін антропоним құрамындағы жұрнақ. Мыс.: Избасаро-вич, Максұт-овна, Сапин-а т. б.

АНТРОПОНИМДІК МОДЕЛЬ (ҮЛГІ) – антропонимнің сұлбасы, антропоним элементтерін нақты заңды құрастыру; морфологиялық құрылым түрі, уәж ерекшелігі. Мыс.: Домалақ ана, Оқшы ата, Ғайып баба т. б.

АНТРОПОНИМДІК НЕГІЗ – формантсыз антропонимнің бөлігі.

АНТРОПОНИМДІК ЖҮЙЕ – белгілі бір мезтілдің, белгілі бір халықтың антропонимдер жиынтығы.

АНТРОПОНИМДІК САУАЛНАМА – қала, ауыл немесе мұрағаттан антропонимдік материалдарды ауызша немесе жазбаша жинауға арналған сұрақнама.

АНТРОПОНИМДІК ЛЕКСЕМА (АНТРОПОЛЕКСЕМА) – антропоним рөлін атқаратын тілдің құрылымды элементі ретіндегі сөз; екі немесе үш құрамды атаулардағы осы атау моделін құрайтын әр сөзі. Мыс.: Абай, Құнанбаев, Ыбырай, Алтынсарин т. б.

АНТРОПОНИМДІК ФОРМУЛА – белгілі бір дәуірдегі ұлт, шығу тегі, наным-сенімі бар адамды ресми түрде атаудағы антропоним мен номендердің нақты бір реті. Мыс.: Тәуке хан, Ақсақ Темір, Қазыбек би, Наурызбай батыр т. б.

АНТРОПОНИМДІК АРЕАЛ – белгілі бір антропонимдік элементтің таралу аймағы.

АНТРОПОНИМДІК АТЛАС – антропонимиканың жалпы немесе жеке құбылыстарының белгілі бір территорияда таралуын көрсететін карта, атлас.

АНТРОПОНИМДІК ТЕРМИН – антропонимдердің әртүрлі категориялары мен олардың элементтерін, антропонимдік үрдіс, құбылыс, зерттеу түрін, ономастиканың бөлімін, зерттеу материалын, зерттеушіні атау үшін қоланылатын антропонимика термині, мыс., антропонимика, антропонимия, антропонимист, кісі аты, ру аты, фамилия, лақап ат т. б.

АНТРОПОНИМДІК ФОРМАНТ (антропоформант, антропоним форманты) – антропонимнің аффикстік элементі, соның ішінде антропонимдік жұрнақ.

АНТРОПОНИМИКА (қара: антропоним) – ономастиканың кісі есімдерін зерттейтін саласы.

АНТРОПОНИМИКОН – 1. Кісі есімдеріне, тегіне, лақап атына, ескі діни кісі есімдеріне арнайы жеке жасалған антропонимдер сөздігі немесе тізімі. 2. Белгілі бір мерзімге қатысты нақты халықтың немесе социумның кісі есімдер репертуары.

АНТРОПОНИМИСТ (қара: антропоним) – антропонимдерді зерттеуші.

АНТРОПОНИМИЯ (қара: антропоним) – антропонимдердің жиынтығы. Мыс.: Қазақ антропонимиясы.

АНТРОПОТОПОНИМ – қара: топоним.

АПЕЛЛЯТИВ – жалпы есім. Мыс.: жіңішке – бұлақ Жіңішке, тәтті – есім Тәтті, кафе Тәтті.

АПЕЛЛЯТИВТЕНУ – қара. бейонимдену.

АППОЗИТИВТІ АТАУ – қосымша не сөз арқылы жасалынған бір бірімен байланыспаған компоненттердің тіркес-атауы.

АППРОКСИМАЦИЯ – сандық қатынаста ұқсастық тілдік мағынаны білдіру үшін ғана емес, сонымен бірге болмыстың кез келген элементі немесе үзiгiн (зат, нысан, олардың белгілері, қатынасы, бізді қоршаған орта мен бейақиқат әлем) ұқсастырып атау.

АРЕАЛ – жалқы есімнің таралу аймағы, мысалы, топонимиялық ареал, антропонимиялық ареал т. б.

АРЕАЛДЫ ОНОМАСТИКА қара: ареалды әдіс (ономастикалық).

АРЕАЛДЫ ӘДІС қара: ареалды әдіс (ономастикалық).

АРЕНОНИМ – шөлді жерлердің ең кіші объектілерінің атауы. Мыс.: Еспеқұм, Төбекұм.

АРТИОНИМ – идеоним түрі; бейнелеу өнер (сурет салу өнері, графика, пластика) шығармасының жалқы есімі (атауы). Мыс.: Әбілхан Қастеевтің шығармалары: Медеуде, Тау көрінісі, Жайлауда, Гүлденген алма ағашы, Биік таудағы мұз айдыны, Мектепте, Қарындасымның портреті, Үй жанында, Күзгі табиғат.

АРХЕОНИМ – қосымша археологиялық ақпарат беретін топоним. Мыс.: Отырар, Фараб – ежелгі қалалар.

АССИМИЛДЕНГЕН АТАУ – берілген тілде фонетикалық жүйесіне және онимдік модельдеріне сай қабылданған шетел тілінен енген жалқы есім. Мыс.: Мәскеу, Бейжің, Жапон т.б.

АСТИОНИМ – ойконимнің бір түрі, қала атаулары. Мыс.: Тараз, Қарағанды, Атырау, Семей, Алматы, Астана.

АСТИОНИМИЯ – астионимдер (қара) жиынтығы.

АСТРОНИМ – оним түрі, жеке аспан денелерінің атауы, яғни жұлдыз, планета, комета, астероид атаулары. Мыс.: Шолпан, Қызыл жұлдыз.



АСТРОНИМИКА (қара: астроним) – астронимдерді зерттейтін ономастика саласы.

АСТРОНИМДІК – астронимикаға (қара) қатысты сын есім.

АСТРОНИМИЯ (қара: астроним) – астронимдер жиынтығы.

АСТРОТОПОНИМ – қара: планетоним.

АТ ТЕРГЕУ (дәстүр) – халық дәстүрінде адамға құрмет көрсетудің жолдары көп. Соның бірі – ат тергеу. Ұлт дәстүрі бойынша әйелдер атасының, қайнаға, қайынсіңлісінің атын атамай, өзіне лайықты ат қойып «мырза қайнаға», «бай атам», «би атам», «жалқы бала», «тентегім», «еркем», әйел болса «шебер шешей», «ақ әже», «сырғалым», «шашбаулым», «күлімкөзім» деп атайды. Жеңгелер жағы небір күлкілі аттар да қоя береді. Мысалы: тапалды «сұңғағым», жайбасарды «жүйрігім» дейді. Мұның бәрі шын мәнінде сыйластық пен құрметтің ерекше белгісі болып табылады. Ер адамдар да ақсақалдар мен өзінен үлкендерді «ата», «әке», Ереке, Аха, Жәке, Сәке деп құрметтеген. Бұл да осы ғұрыптың бір түрі. Ат тергеу – біздің халқымыздың адам сыйлау жөніндегі ізеттілік, көргендік, кішіпейілділік қасиеттерінің биік көрінісі.

АУГМЕНТАТИВТІ АТАУ қара: кісі есімі (аугментативті).

Ә

ӘЙЕЛ ЕСІМІ қара: кісі есімі, әйел.

Б

БАСҚА ТІЛДЕН ЕНГЕН АТАУ – басқа тілден қолданысқа ену нәтижесінде қалыптасқан атау. Мыс.: Алина, Руслан, Анель т.б.

БАТИОНИМ – су асты мұхит ландшафтындағы кез келген объект атауы.

БЕЙАНТРОПОНИМДЕНУ – бейонимденудің (қара) жекелеген түрі.

Антропонимнің (қара) апеллятивке немесе басқа оним түріне өтуі. Мыс.: Иуда – сатқын, Гагарин – селеноним – Гагарин, Назарбаев – Назарбаев университеті, Сүлеймен Демирел – Сүлеймен Демирел университеті, Батист- батист, Холеген – хулиган т.б.

БЕЙЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ФАКТОР [ономастикада] (экстралингвистикалық фактор, экстралингвистикалық мәлімет) – жалқы есім қалыптасатын физикалық, әлеуметтік, психологиялық ақиқат болмыс пен үдерістерге қатысты тілден тыс фактор.

БЕЙОНИМДЕНУ – жалқы есімдердің жалпы есімдерге ауысуы. Мыс.: Ломбардия (Солтүстік Италия) – ломбард (алтын заттарды қабылдайтын орын), Қарабай – карабайшылық.

БЕЙТОПОНИМДЕНУ (қара: топоним) – бейонимдену үрдісінің бір түрі, яғни жер-су атауларының жалпы есімге ауысуы.

БИБЛИОНИМ – идеоним түрі; көркем, діни, ғылыми, саяси жазба шығарма-

ларының атауы. Мыс.: Көксерек, Сұлушаш, Сәбит сүйген сұлулар, Абай жолы, Аласапыран.

БИНАРЛЫ ОППОЗИЦИЯ [ономастикада] – негізгі лексемалары және антонимдік анықтамалары ұқсас атау арқылы белгілі бір бірімен байланысқан нысандарды бір біріне қарсы қою. Мыс.: Үлкен Алматы өзені, Кіші Алматы өзені.

БИОНИМ – тірі ағза атауы, соның ішінде антропоним, зооним.

БРЕГЕЙЛЕНДІРУШІ ҚЫЗМЕТІ – атаудың әлеуметте, қоғамда объектіні ажырату, яғни белгілі бір әлеуметтік тапқа қатысын көрсету арқылы қызметі. Мыс.: Еламан, Ақбала қазақ халқына тән есімдер немесе бірегейлендіруші и жұрнағы арқылы белгілі бір тұлғаның белгілі бір елдімекен немесе ру/тайпадан шыққанын көрсететін болған: әл-Фараби, Жалайри т.б.

В

ВЕНУСОНИМ – астротопоним түрі; Венерадағы кез келген табиғи- физикалық объект атауы.

Г

ГЕЛИОНИМ – гидронимнің түрі; тұзды, батпақты жердің атауы.

ГЕЛИОНИМИЯ – гелионимдердің жиынтығы.

ГЕМЕРОНИМ – идеоним түрі; басылым орындарының атауы, соның ішінде газет, журнал, ақпарат бюллетеньдердің. Мыс.: Ана тілі, Айқын, Егемен Қазақстан, Зерде, Түркістан, Жас Алаш.

ГЕНЕТИВТІ АТАУ – өзі жасалған атаудың генетивті формасы сақталған жалқы есім. Мыс.: топонимдер: Арал өзені; урбаноним: Мақатаев көшесі.

ГЕНОНИМ – рудың, тайпаның, тайпалық одақтың атауы; генонимдер, негізінен, түркі және моңғол халықтарына тән болып келеді. Мыс.: қыпшақ, алаша, байбақты, жетіру т.б.

ГЕНОНИМИЯ (қара: геноним) – генонимдердің жиынтығы.

ГЕНОТОПОНИМ – генонимдердің қатысымен жасалған жер-су атаулары. Мыс.: Күшпенкөл, Алашкөл, Есен т. б.

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ – географиялық терминдер жиынтығы.

ГЕОРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИН (ГТ) (детерминатив) – нақты географиялық реалийді (нысанды), ұғымдарды білдіретін сөздер. Ол түрге не типке қатысты болуы мүмкін. Мыс.: өзен, бұғаз, батпақ, арал, теңіз, шың, шөл, қала, ауыл, көл, тау, т.б.

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУ – қара: топоним.

ГЕОНИМ (геотопоним) – 1. Селеноним, марсионим, меркурионимдермен салыстырғанда жер бетіндегі кез келген табиғи-физикалық нысан атауы. Мыс.: Ертіс өзені, Іле өзені, Тынық мұхит, Алатау, Қаратау, Ұлытау, Үнді мұхиты т.б.

ГЕОНИМДІ – геонимге қатысты сын есім.



ГЕОНИМИЯ – геонимдер жиынтығы.

ГЕОТОПОНИМ қара: геоним.

ГЕОРТОНИМ – мемлекет тарапынан бекітілген, халық арасында сақталған мерекелер мен ерекше күндердің атауы. Мыс.: Жеңіс күні, Желтоқсан оқиғасы, Ақтабан шұбырынды т. б.; кейбір геортонимдер топонимдерден қалыптасады. Мыс.: Аңырақай шайқасы деп аталатын тарихи күн Аңырақай топонимінен қалыптасқан.

ГЕРАЛЬДИКАЛЫҚ АТАУ – онда белгіленген немесе соған қатысы бар геральдикалық белгіге байланысты тағылған жалқы есім.

ГИБРИД АТАУ – екі немесе бірнеше тілдің лексикалық немесе морфологиялық элементтерінен құралған атау, негізінен, қос тілді атау. Мыс.: Өскемен, Семей.

ГИДРОДЕТЕРМИНАТИВ – гидронимдердің құрамында қолданылатын географиялық термин. Мыс.: копа, қамыс, су, сай, көл т. б.

ГИДРОНИМ – топонимнің бір түрі, су объектілерінің жеке атауы. Мыс.: Жайық, Талас, Шалқар, Ертіс, Балқаш т. б.

ГИДРОНИМДЕНУ (қара: гидроним) – жалпы есімдердің (апеллятив) номинативтік қызметінің өзгеруіне байланысты гидронимдер қатарына ауысуы. Мыс.: Қазақстан территориясында Қопа, Өзен, Жыра сияқты атаулар кездеседі. Осы топонимдер кезінде жалпы есімдер болатын. Олар белгілі бір географиялық нысанның жеке атауына айналған.

ГИДРОНИМИКА (қара: гидроним) – топонимиканың су атауларын зерттейтін сала.

ГИДРОНИМИКОН (қара: гидроним) – белгілі бір аймақтағы су атауларының тізімі немесе сөздігі.

ГИДРОНИМШІ – гидронимдерді зерттеуші ғалым.

ГИДРОНИМДІК – гидронимикаға қатысты сын есім. Гидронимдік калька – сөзбе сөз аудару арқылы алынған гидроним. Мыс.: Қара теңіз – Черное море, Жерорта теңізі – Средиземное море.

ГИДРОНИМИЯ (қара: гидроним) – гидронимдердің жиынтығы.

ГИНЕКОНИМ – антропоним түрі; әйелінің есімі немесе лақап аты бойынша атау.

ГИППЕРТҮЗЕТІЛГЕН ФОРМА – түп-төркіні дұрыс анықталмағаннан немесе орфографиялық ережені дұрыс қолданбағаннан қате түзетілген жалқы есімнің жалған түзетіліп берілуі. Мыс.: Алма-Ата.

ГИППЕРТҮЗЕТУШІ ФОРМАНТ – гиппертүзетілген атаудың қосымшасы.

ГИППОНИМ – зооним түрі, жылқы атауы. Мыс.: Шалқұйрық, Құлагер, Тайбурыл.

ГЛЯЦИОНИМ – топоним түрі, мұздықтардың атауы.

ГОДОНИМ – урбанонимнің түрі; қала көшелерінің, даңғылдарының, ықша-

маудандарының атауы. Мыс.: Алматы қаласында Абай көшесі, Абылайхан даңғылы, Алмагүл ықшамауданы бар.

ГОДОНИМИЯ – годонимдер жиынтығы.

ГОДОНИМДІК – годонимге қатысты сын есім формасы.

Д

ДЕМИНУТИВТІ АТАУ – деминутив жұрнағы арқылы жасалған мәтін ішіндегі кішірейту-еркелету мағынасы бар есім. Мыс.: Қайрош, Асантай, Бақалөк.

ДЕНОТАТ – жалқы есім тағылған кез келген нысан.

ДЕПРОПРИАТИВ – трансонимдену (қара) нәтижесінде басқа жалқы есімдерден қалыптасқан атау. Мыс.: тау атауы Алатау – кинотеатр атауы Алатау, өзен атауы Кеген – ауыл атауы Кеген, кісі есімі Иманәлі – фирма атауы Иманәлі.

ДЕРИВАТТЫ АТАУ – туынды атау.

ДЕТЕРМИНАТИВ – қара: географиялық термин.

ДИАЛЕКТІЛІК АТАУ – 1. Диалектілік лексемалар мен форманттар негізінде қалыптасқан атау. 2. Атаудың диалектілік нұсқасы.

ДИГНИТОНИМ қара: құрметті атау.

ДИСФЕМИЗМ, какофемизм – ауыс мағынаның бір түрі. Қалыпты қолданылатын зат, құбылыс атауларын неғұрлым дөрекі, тұрпайы сөздермен ауыстырып айту. Дисфемизм – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс. Дисфемизм кеміту, қорлау, жаратпау ұғымын тудырады. Дисфемизмдер – әдеби тілдің үлгісіне жатпайды. Бұлар көбінесе көркем шығармада ауызекі тілдің сөйлеу үлгісі ретінде кейіпкерлердің тілінде ұшарасады. Сол арқылы әр жазушы өзінің қаһарманының мінез-құлқын, іс-әрекетін, ой-өрісін бейнелеп, нақтылы шынайы бейнесін жасайды.

ДРИМОНИМ – топонимнің түрі; орман, тоғай атаулары. Мыс.: Роцца Баума, Беловежская пуца, Сосновый бор.

ДРОМОНИМ – топоним түрі; кез келген байланыс жолдары: жер үсті, су, жер асты, әуе қатынас атаулары. Мыс.: Жібек жолы, Қасқа жол.

Е

ЕКІНШІЛІК АТАУ – әртүрлі тәсілдер арқылы жалпы есімнің немесе жалқы есімнің екінші разрядқа ауысуы арқылы жалқы есім қызметін атқаруы; екіншілік атау құралдары (эпитеттер, перифраздар, синонимдер, есімдікті субституттар, аппроксимация).

ЕТІСТІКТІ АТАУ (вербалды атау, императивті атау) – етістік формасынан немесе есімшеден қалыптасқан кез келген жалқы есім, нақтырақ айтсақ, топоним-сөйлем, етістікті топоним, етістікті антропоним, етістікті зооним. Мыс.: Бөген өзені, Есіл өзені, Сағындық, Бұзау жарған т.б.



Ж

ЖАЛҚЫ ЕСІМ – бір түрге жататын басқа объектілерден аталмыш объекті ажырататын, жекелейтін сөз, сөз тіркесі немесе сөйлем; соның ішінде жалқы есімнің әр түрлерін құрайтын антропоним, топоним, зооним, космоним, астрономим, анемоним, теоним, идеоним, прагматоним, фитоним, хрематоним т. б.

ЖАЛҚЫ ЕСІМНІҢ ХАРИЗМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ – жалқы есімдердің табу, яғни діни-харизматикалық қызметі халықтың мәдениеті мен экономикасына қатыссыз әмбебап, яғни барлық халықтарға тән. Мыс.: Итбай т.б.

ЖАЛПЫ ЕСІМ қара: апеллятив.

З

ЗООНИМ – оним түрі; жан-жануарлар мен хайуанаттар атауы. Мыс.: Ақтөс, Ақжол, Құттыаяқ, Күрентөбел т.б. Антропозооним – кез келген антропонимнен қалыптасқан зооним. Мыс.: мысық – Васька, ит – Мухтар, сиыр - Марта т.б. Топозооним - кез келген топонимнен қалыптасқан зооним.

Мыс.: ит – Амур, Байкал, жылқы – Казбек т.б.

ЗООНИМДІК – зоонимге қатысты сын есім формасы.

ЗООНИМИКА (қара: зооним) – ономастиканың зоонимдерді зерттейтін саласы.

ЗООНИМИЯ (қара: зооним) — зоонимдердің жиынтығы.

ЗООФОРЛЫ АТАУ – жануар атауынан қалыптасқан кез келген жалқы есім, соның ішінде топоним, гидроним, космоним, антропоним. Мыс.: Қоянқұс ауылы, Щучье көлі т.б.

И

ИДЕОНИМ – оним түрі; адам қызметінің ойлау, идеологиялық, көркем аясындағы әр түрлі денотаттары бар жалқы есімдер аталмыш терминге біріктірілген, соның ішінде артионим, библионим, гемероним, геортоним, поэтоним т. б.

ИМПЕРАТИВТІ АТАУ қара: етістікті атау.

ИНДИГЕНДІ АТАУ – бастапқы (түп-төркін) жалқы есім.

ИНДИКАТОР қара: термин-индикатор.

ИНСУЛОНИМ – кез келген арал атауы. Мыс.: Мадагаскар, Әулие Елена аралы, Диксон, т.б.

ИНФОРМАНТ – тілде қалыптасқан не қолданылатын атау, сол тілде сөйлейтіндердің атауға қатысы туралы мәлімет беретін табиғи тіл иесі, негізінен, зерттелетін аймақтың тұрғыны.

ИРРАДИАЦИЯ [топонимнің] берілген нысанның географиялық атау негізінің басқа, жақын жатқан нысандарға таралуы. Мыс.: Арал теңізі, Арал қаласы; Талас өзені, Талас ауданы т.б.

К

КАЛЬКА қара: атау-калька.

КАНОНДЫҚ АТАУ қара: жалқы есім, канондық.

КАТОЙКОНИМ – жер атауы бойынша тұрғындарды атау. Мыс.: алматылық, астаналық, мәскеулік.

КВАЛИТАТИВ қара: жалқы есім, квалитативті.

КИНОНИМ – зооним түрі; ит атауы. Мыс.: Алаяқ, Саққұлақ, Бөрібасар, Ақжол.

КОММЕМОРАТИВТІ АТАУ қара: жалқы есім, мемориалды.

КОМОНИМ – ойконимнің түрі; ауылдық елдімекен атауы. Мыс.: Кеген, Нарынқол, Қарасу, Жекекөл.

КОМОНИМИЯ – комонимдер жиынтығы.

КОНТАМИНАЦИЯ – екі сөздің (атаудың) кірігуі нәтижесінде қалыптасқан жалқы есімдер. Мыс.: е.м. Қатынқырған, кісі есімі Қошкелді.

КОНЦЕПТ – адам санасының әлемді қабылдауда тек ұғыну ғана емес, эмоционалды баға беру, сезіну негізінде қалыптасқан зат немесе құбылыс туралы сығымдалған ақпараттың санада жүйеленген ойды тіл арқылы жеткізудегі жеке тұлға мен қоғамның танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде кешенді, энциклопедиялық ақпараттан тұратын, адам санасының ойлау кодының негізгі бірлігі болып табылатын дискретті менталды құрылым.

КОСМОНИМ – онимнің түрі, галактика мен ғарыш денелерінің, жұлдыздар мен жұлдыз шоғырының атаулары. Мыс., Жеті қаракшы, Құс жолы.

КОСМОНИМИЯ (қара: Космоним) – космонимдердің жиынтығы.

КРИПТОНИМ – жасырылған, шифр арқылы берілген кез келген жалқы есім. Мыс., М.Ә., М. – М.Әуезов, Б.М. – Б. Майлин.

КТЕМАТОНИМ – қара. ХреMATоним.

Л

ЛИМНОНИМ – гидронимнің түрі; көлдер мен тоғандардың атауы Мыс., Балқаш, Сасықкөл, Алакөл, Жалтыркөл.

ЛИТОНИМ – топоним түрі; жағалаудағы табиғи кез келген объектің атауы, нақ-тырақ, шығанақ, тас, мыс., Оқжетпес, Жұмбақ тас.

М

МАКРОТОПОНИМ – ірі физикалық-географиялық объектінің атауы, мыс., Сарыарқа, Ақжайық, Нарын, Бетпақ дала, Қызылқұм т. б.

МАРСИОНИМ – астротопонимнің түрі; Қызылжұлдыздағы кез келген табиғи-физикалық объектің атауы.

МАТРОНИМ – анасы есімінің дериваты: анасы есімінен қалыптасқан лақап аты, «әкесінің атың, анасының лақап атынан қалыптасқан фамилия.



МЕНСОНИМ – эргонимнің (қара.) түрі, кез келген тағамхана (азық-түлік дүкені, мейрамхана, кафе т. б.) атаулары, мыс., кафе Дәм мерекесі, мейрамхана Алтын адам, дүкен Керемет.

МЕРКУРИОНИМ – астротопоним түрі; Есекқырғандағы кез келген табиғи-физикалық объекттің атауы.

МИКРОТОПОНИМ (шағынтопоним) – кең қауымға беймәлім географиялық объектілердің атаулары.

МИФОНИМ – мифтердегі, эпопея, ертегілердегі, жырлардағы кез келген ономастикалық кеңістік аясындағы атау, мыс., Құлагер, Шалқұйрық, Қобыланды батыр, Қамбар ата, Шопан ата, Зеңгі баба.

Н

НЕКРОНИМ – топонимнің түрі; зират, бейіттер мен молалардың атауы, мыс., Кеңсай, Ваганьковское кладбище.

НОМИНАЦИЯ – атау беру үрдісі.

О

ОЙКОДОМОНИМ – ғимарат атауы. Мыс., Республика сарайы, Оқушылар сарайы, Студенттер сарайы.

ОЙКОНИМ – топоним түрі; кез келген елді мекен (ауыл, село, кент, қала) атауы; ойконим астионим және комоним болып бөлінеді.

ОЙКОНИМИКА (қара: Ойконим) – топонимиканың ойконимдерді зерттейтін саласы.

ОЙКОНИМИКОН (қара: Ойконим) – ойконимдердің тізімі немесе сөздігі.

ОЙКОНИМИЯ (қара: Ойконим) – ойконимдердің жиынтығы.

ОКЕАНОНИМ – гидронимнің түрі; мұхиттар атауы. Мыс., Атлант мұхиты, Солтүстік Мұзды мұхит, Үнді мұхиты.

ОНИМ – қара. Жалқы есім.

ОНИМИЯ (қара: Оним) – жалқы есімдердің (онимдердің) жиынтығы.

ОНОМАСТИКА – тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы.

ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК – белгілі бір жалқы есімдердің таралу аймағы немесе жалқы есімдердің тобы; ономастикалық кеңістік топонимия, антропонимия, зоонимия, теонимия сияқты топтардан тұрады.

ОНОМАСТИКАЛЫҚ ӘДІС – ономастика саласында атаулар сырын танудың жолы; ономастикалық әдістер бірнеше түрден тұрады: стратиграфиялық, құрылымдық, ареалды, туыстық, типологиялық, этимологиялық; әр атаудың қалыптасу жолдары мен ат берілу себептерін анықтауда осы әдістердің біреуін немесе бірнешеуін пайдалануға болады.

ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ – ономастика саласындағы зерттеуде қолданылатын әдіс-тәсілдердің жиынтығы.

ОРОНИМ – топонимнің түрі, тау, қырат, шың атаулары. Мыс., Алатау, Хантәңірі, Алтай, Орал, Қаратау т. б.

ОРОНИМИКА – топонимиканың оронимдерді зерттейтін саласы.

ОРОНИМИЯ – оронимдердің жиынтығы.

II

ПАТРОНИМ – әкесінің есімі немесе лақап атының дериваты: әкесінің немесе атасының есімі немесе лақап аты бойынша адамға лақап ат немесе фамилия беру.

ПЕЛАГОНИМ – океанонимнің түрі, кез келген теңіз немесе оның бөлігінің атауы. Мыс., Каспий теңізі, Арал теңізі.

ПЛАНЕТОНИМ – онимнің түрі, кез келген аспан денелеріндегі табиғи- физикалық объекттің жалқы есімі; нақты айтқанда, марсионим, селеноним, венусоним т. б.

ПОЛИОНИМИЯ (көпонимді) – көп атқа ие болу, яғни бірнеше атауы болу.

ПОРЕЙОНИМ – кез келген көлік түрінің атауы. Мыс., Қазақстан поезі, Аврора крейсері, Восток-1 ракетасы.

ПОТАМОНИМ – топонимнің түрі; өзендердің атауы. Мыс., Іле, Талас, Жайық, Шаған т. б.

ПРАГМАТОНИМ – оним түрі; адамның күнделікті қызмет аясындағы денотат атаулары, соның ішінде тауароним, прагмоним, эргоним, фалероним, хремадоним, порейоним т. б.

ПСЕВДОНИМ – бүркеншік ат (қара: Лақап ат).

Р

РЕГИОНИМ – тіл білімі, тарихи, географиялық, этнографиялық, лингвомәдени т. б. мәліметтер бойынша ономастикалық зерттеуге алынған белгілі бір аймақтың атауы. Мыс., Шығыс Қазақстан, Өр Алтай, Ертіс қойнауы, Солтүстік Қазақстан.

РЕЛИКТІ ҚОСЫМШАЛАР – топонимдердің құрамында кездесетін, бүгінгі тілімізде дәл сол күйінде қолданылмайтын көне тұлғалар. Мыс., Жымпиты, Аңқаты, Бұлдырты, Қалдығайты, Өлеңті, Шідерті топонимдерінің құрамында кездесетін -ты, -ті тұлғалары реликті қосымшалар болып есептеледі.

РЕЛИКТІ ҚҰРЫЛЫМДАР – реликтілік қосымшалардың қатысымен қалыптасқан жер-су атаулары.

С

СЕЛЕНОНИМ – планетонимнің түрі; Айдағы кез келген табиғи объекттің атауы.

СЕЛЕНОНИМИКА (қара: Селеноним) – селенонимдерді зерттейтін ономастика саласы.

СӨЗЖАСАМ (ономастикалық) – онимдердің жасалу жолдары мен тәсілдерінің жиынтығы.



СПЕЛЕОНИМ – ороним түрі; кез келген табиғи жер асты объектілердің атауы, соның ішінде: үңгір, құдық, жар, лабиринт, сифон, жер асты өзен т. б. атауы.

СПЕЛЕОНИМИЯ (қара: Спелеоним) – спелеонимдер жиынтығы.

СПИРИТОНИМ – аруақ аты. Мыс.: Ғайып баба, Оқшы ата, Райымбек ата т.б.

СТРАТИГРАФИЯ (топонимиялық) – топонимдердің қалыптасуын белгілейтін тарихи қабаттар.

Т

ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОР – жалқы есімдердің (топонимдердің, антропонимдердің, зоонимдердің, эргонимдердің т. б.) қалыптасуында қоғамдық-саяси оқиғалардың, тарихи-әлеуметтік жағдайлардың себепші болуы.

ТЕОНИМ – кез келген пантеондағы құдай аты. Мыс., Алла, Құдай, Зевс, Гера, Будда, Кришна.

ТЕОНИМИЯ (қара. Теоним) – белгілі бір аймаққа, халыққа, шығармаға, мерзімге қатысты теонимдер жиынтығы.

ТЕРМИН-ИНДИКАТОР – топонимдердің құрамында келіп, олардың топонимдердің қай түріне жататынын анықтап отыратын географиялық термин; егер топонимдер су, сай, қамыс сөздердің қатысымен жасалса, ондай топонимдер гидронимдер тобына, ал тау, шоқы, қыр, асу сөздерінің көмегімен қалыптасса оронимдер тобына кіреді; термин-индикаторлардың детерминативтер, географиялық терминдер, халықтық терминдер деген атаулары да бар.

ТОПОНИМ – онимдердің бір түрі; топонимдерді, көбінесе, жер-су атаулары деп те атаймыз; топонимдер - жер бетіндегі табиғи объектілердің және адамдардың табиғатты игеру үрдісі нәтижесінде қалыптасқан объектілердің атаулары; топонимдер өз ішінен ойконимдер, гидронимдер, оронимдер, урбанонимдер, некронимдер т. б. түрлерге бөлінеді.

ТОПОНИМДІК – сын есім, топонимге қатысты.

ТОПОНИМДІК АЙМАҚ – белгілі бір жер-су атауларының таралу аймағы;

ТОПОНИМДІК КАРТА – топонимдердің немесе олардың кейбір элементтерінің орналасу аймағын сипаттайтын географиялық атлас;

ТОПОНИМДІК ҚАТАР – құрылымы, топонимдік моделі бірдей жер-су атауларының тобы;

ТОПОНИМДІК ЛЕКСЕМА – топонимдер қалыптастыруға қатысатын сөздер;

ТОПОНИМДІК ТЕРМИНОЛОГИЯ – топонимдерді сипаттайтын ғылыми терминдердің жиынтығы;

ТОПОНИМДІК УӘЖ – жер-су атауларының қалыптасуына негіз болған жағдай, себеп.

ТОПОНИМДЕНУ (қара: Топоним) – жалпы географиялық терминдердің (детерминативтердің) ешбір қосымшасыз топонимдерге айналуы; мыс., сын есім жіңішке – бұлақ атауы Жіңішке, сын есім қақ – көл атауы Қақ.

ТОПОНИМИКА (қара: Топоним) – ономастиканың топонимдерді зерттейтін

саласы; топонимика жер-су атауларының қалыптасу себептерін, пайда болу ерекшеліктерін, даму жолдарын және қолданылу жайын тексереді.

ТОПОНМИКОН (қара: Топоним) – топонимдердің сөздігі немесе тізімі.

ТОПОНМИСТ – топонимдерді зерттеуші.

ТОПОНМИЯ (қара: Топоним) – топонимдердің жиынтығы.

ТРАНСАНТРОПОНИМДЕНУ – трансонимденудің бір түрі;

антропонимнің бір түрінен екінші түріне ауысуы.

ТРАНСКРИПЦИЯ – қабылдаушы тіл графемасы арқылы шет тілді атау фонемасын жеткізу.

ТРАНСЛИТЕРАЦИЯ – белгілі бір әліпбимен жазылған жекелеген жалқы есімдерді екінші бір әліпбидің әріптерімен таңбалау. Мыс., қаз. Дәулет – орыс Даулет – ағылш. Daulet.

ТРАНСОНИМДЕНУ – жалқы есімдердің; мыс., антропонимдердің (кісі аттарының), ешбір қосымшасыз басқа жалқы есімдерге, мыс., топонимдерге айналу үрдісі; трансонимдену тәсілі арқылы антропонимдерден жасалған топонимдерді антропотопонимдер, топонимдерден жасалған антропонимдерді топоантропонимдер, антропонимдерден жасалған космонимдерді антропокосмонимдер т. б. деп атайды.

ТРАНССТОПОНИМДЕНУ – топонимдердің бір кластан екінші бір класқа ауысып, жаңа объектінің атауы ретінде жұмсалуы. Мыс., Шыңғырлау – 1) өзен атауы, гидроним; 2) аудан орталығы, ойконим; Бұлдырты – 1) өзен атауы, гидроним; 2) кеңшар орталығы, ойконим т.б.

У

УӘЖДІ АТАУЛАР – ішкі уәжді формада тұратын, уәжі анық есімдер.

УРАНОНИМЫ – кез келген рудың ұран атауы. Мыс.: Аруақ-аруақ; Абылай.

УРБАНОНИМ (урбоним) – топонимнің түрі; қала ішіндегі кез келген топографиялық объект атауы; соның ішінде агороним, годоним, хороним, т.б.

Ф

ФАЛЕРОНИМ – кез келген медаль, орден, ерекшелік белгілер атауы. Мыс., Парасат ордені, Барыс ордені, Алтын алқа медалі.

ФИТОНИМ – өсімдіктердің атаулары. Мыс., раушангүл Виктория, лилия Венера.

ФИТОНИМИЯ – фитонимдердің жиынтығы.

Х

ХАЛЫҚТЫҚ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИН – жергілікті географиялық, белгілі бір аймақта ғана қолданылатын детерминативтер. Мыс., қопа, самар терминдері Батыс Қазақстан аймағында жиі қолданылады.

ХОРОНИМ – топоним түрі; кез келген территория, облыс, аудан атауы, соның ішінде әкімшілік, қалалық, табиғи хоронимдер болады. Мыс., Шығыс



Қазақстан, Орта Азия, Еуразия, Алматы облысы, Қызылжар ауданы.

ХРЕМАТОНИМ – оним түрі; материалды мәдениет заттары атауы, соның ішінде қару-жарак, музыкалық аспап, зергерлік заттар т. б. атаулары.

ХРОНОНИМ – оним түрі; уақыт кесіндісі атауы.

Ә

ЭВФЕМИСТИК АТАУ – кез келген объектінің дәрежі естілетін бастапқы атауларын қорғау мақсатында сыпайы түрімен ауыстыру.

ЭККЛЕЗИОНИМ – топоним түрі; ғұрыпты өткізу орындары мен кез келген дінге бағыну орындары атауы, соның ішінде мешіт, шіркеу атаулары. Мыс., Орталық мешіт, Никольская церковь.

ЭПОНИМ – аты шыққан кісінің есімі немесе лақап атымен басқа кез келген онимнің пайда болуы. Мыс., Менделеев кестесі, Боткин ауруы, М. Әуезов драма театры.

ЭРГОНИМ – оним түрі; іскер адамдардың бірігу, ұйымдар мен мекемелер, корпорациялар т. б. атауы. Мыс., Таң телекомпаниясы, Қайрат футбол қоғамы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

ЭТИМОЛОГИЯ – жалқы есімнің шығу тегі.

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОР – жер-су атауларының халықтың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына сәйкес қалыптасуы.

ЭТНОМАРКЕРЛІ ОНИМДЕР – құрамында этнографизмі бар мәдени-этнографиялық ақпаратқа ие жалқы есімдер, соның ішінде этномаркерлі топонимдер (Қойтас, Сандықтау, Айғыржал), этномаркерлі антропонимдер (Бөрібай, Жібек), этномаркерлі космонимдер (Жетіқарақшы, Есекқырған) т. б.

ЭТНОНИМ – кез келген этникалық топ, халық, ру, ұлт атаулары. Мыс., қазақ, ағылшын, орыс, қырғыз.

ЭТНОНИМИЯ (қара: Этноним) – этнонимдердің жиынтығы.

ЭТНОТОПОНИМ – этнонимдердің қатысымен қалыптасқан жер-су атаулары. Мыс., Қалмаққырған, Қоңырбұлақ, Базар, Шүршүтсу.

ЭТНОТОПОНИМИЯ – этнотопонимдердің жиынтығы. Тек XX ғ. 30-жылдары ономастика ғылым ретінде дәрежеге ие болды. 1930 жылы Альбер Дозаның нұсқауы бойынша әр елде жыл сайын екі рет өтетін І-ші Халықаралық ономастикалық конгресс Францияда шақырылды. 1949 жылы Бельгияда 1950 жылдан ономастика бойынша библиография жасайтын «Онома» журналын шығарушы ЮНЕСКО шеңберіндегі Халықаралық ономастикалық комитет құрылды.

• урбанонимдерде (көше, қала ішіндегі және ауылдық объектілер атаулары); • астионимдер (қала атаулары); • комонимдер (ауылдық елдімекендер атаулары).

Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ., Мәдиева Д.Б. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы, 2016. 103-118 беттер.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

Астана, Үкімет Үйі

201_ жылғы
№ _____
№ _____ дана

от «__»
_____ №
_____ экз. №

№ исх: 883 от: 28.12.2016

**Алматы облысының кейбір білім беру ұйымдарын
қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысының мынадай білім беру ұйымдары:

1) «Ушинский атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» мемлекеттік мекемесі – «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Лепсі орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;

2) «Герасимовка орта мектебі» мемлекеттік мекемесі – «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сапақ орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;

3) «Держинск орта мектебі» мемлекеттік мекемесі – «Алакөл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тоқжайлау орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;

4) «№ 2 Қабанбай орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» мемлекеттік мекемесі – «Алакөл ауданының білім бөлімі»

Бланк сериялық номері: ЖАРАМСЫЗ ВОЛНІП ТАҒЫЛДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шетелді даянда жасалды, белгіленген тәртіптен БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
ЗАВЕРЮЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВУЮЩИЙ. Копии при служебной необходимости делаются в установленном количестве.



мемлекеттік мекемесінің «Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар Омар Молдағожин атындағы орта мектеп» мемлекеттік мекемесі;

5) Еңбекшіқазақ аудандық білім бөлімінің «Ақши орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Еңбекшіқазақ ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бөлек батыр атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) Еңбекшіқазақ аудандық білім бөлімінің «Қаратұрық орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Еңбекшіқазақ ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Алтынбике Бертаева атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) Еңбекшіқазақ аудандық білім бөлімінің «Таусүгір орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Еңбекшіқазақ ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Садық Аманжолов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) «Қарасай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Н.К. Крупская атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталықпен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Қарасай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Ұлан орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) «Қарасай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «М.В. Ломоносов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Қарасай ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шалқар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10) Райымбек ауданының «Жайдақбұлақ орталау мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Райымбек аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сейдахмет Босқынбаев атындағы орталау мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11) «Райымбек ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 2 Кеген орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Түменбай бастауыш мектебімен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Райымбек ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мектепке дейінгі шағын орталығы және Түменбай бастауыш мектебі бар Сәдуақас Серкебаев атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

12) «Сарқан аудандық білім бөлімінің Новопокровка орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Сарқан ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Алмалы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

13) «Сарқан аудандық білім бөлімінің Қарғалы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – «Сарқан ауданының

білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Мұхамеджан Тынышбаев атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

14) «Бөдеті орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік мекемесі – «Ұйғыр ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Нүсіпбек Исахметов атындағы орта мектеп» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

Астана, Үкімет Үйі

201_ жылғы

№ _____

№ _____ дана

от «__»

№ _____

_____ экз. № _____

№ исх: 827 от: 20.12.2016

«Батыс Қазақстан облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының А.П. Гайдар атындағы Батыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Батыс Қазақстан облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының А.П. Гайдар атындағы Батыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Батыс Қазақстан облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының Хамза Есенжанов атындағы Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдерге арналған кітапхана» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

Астана, Үкімет Үйі

201_ жылғы

№ _____

№ _____ дана

от «__»

№ _____

_____ экз. № _____

№ исх: 891 от: 29.12.2016

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің «Түгіскен жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің «Түгіскен жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің «Жанайдар Сәдуақасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Бланк сериялық нөмірі: ЖАРАМСЫЗ ВОЛНІП ТАҒЫЛДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шетелді дағдана жасалды, белгіленген тәртіптен БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ЕСЕНКЕ АЛЫНАДЫ.
ЗАВЕРЛІК СІ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. Копия при служебной необходимости делаются в определенном количестве. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВУЮЩИЙ.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

Астана, Үкімет Үйі

201_ жылғы

№ _____

№ _____ дана

от «__»

№ _____

_____ экз. № _____

№ исх: 109 от: 06.03.2017

**Қостанай облысының білім беру, мәдениет және спорт
ұйымдарына атау беру мен қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысының мынадай білім беру және спорт ұйымдарына:
 - 1) «Қарабалық ауданы әкімдігі білім бөлімінің балалар өнер мектебі» мемлекеттік мекемесіне – Сералы Қожамқұловтың есімі;
 - 2) Қостанай облысы әкімдігі Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Амангелді аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік мекемесіне – Ералхан Сейкеновтің есімі берілсін.
2. Мынадай білім беру және мәдениет ұйымдары:
 - 1) Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің «Красный Октябрь орта мектебі» мемлекеттік мекемесі – «Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің «Қадір Кәрімов атындағы орта мектеп» мемлекеттік мекемесі;
 - 2) «Сарыкөл ауданы әкімдігі білім бөлімінің Сарыкөл орта мектебі» мемлекеттік мекемесі – «Сарыкөл ауданы әкімдігі білім бөлімінің «Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы орта мектеп» мемлекеттік мекемесі;

3) «Қарабалық ауданы әкімдігі білім бөлімінің № 3 Қарабалық орта мектебі» мемлекеттік мекемесі – «Қарабалық ауданы әкімдігі білім бөлімінің «Мұхамеджан Сералин атындағы орта мектеп» мемлекеттік мекемесі;

4) «Таран аудандық «Ұшқын» мәдениет үйі» мемлекеттік мекемесі – «Елубай Өмірзақов атындағы Таран аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

Астана, Үкімет Үйі

201_ жылғы

№ _____

№ _____ дана

от «__»

№ _____

_____ экз. № _____

№ исх: 842 от: 23.12.2016

**Қызылорда облысының білім беру және мәдениет
ұйымдарына атау беру мен қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мынадай білім беру және мәдениет ұйымдарына:

- 1) «Қызылорда қалалық білім бөлімінің № 264 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Тәкей Есетовтің есімі;
- 2) «Қызылорда қалалық білім бөлімінің мемлекеттік жалпы білім беру № 15 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Мырзабек Дүйсеновтің есімі;
- 3) «Қызылорда қалалық білім бөлімінің № 101 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әли Мүсілімовтің есімі;
- 4) «Қызылорда қалалық білім бөлімінің № 112 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Нағима Ахмадееваның есімі;
- 5) «Қызылорда қалалық білім бөлімінің № 3 мектеп-лицейі мемлекеттік жалпы білім беру мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Серғали Толыбековтің есімі;

- 6) «Жаңақорған аудандық білім бөлімінің № 168 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Исатай Әбдікәрімовтің есімі;
- 7) «Сырдария аудандық білім бөлімінің № 131 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Талғат Қозыбаевтың есімі;
- 8) «Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Қонысбек Қазантаевтың есімі;
- 9) «Қармақшы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Жыраулар үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Көшеней Рүстембековтің есімі;
- 10) «Қармақшы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қармақшы аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Шәмшат Төлепованың есімі;
- 11) «Дауылкөл ауылдық округі әкімі аппаратының Тұрмағамбет ауылының клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Қуандық Бүрлібаевтың есімі;
- 12) «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Смағұл Ысқақовтың есімі;
- 13) «Қызылорда қалалық білім бөлімінің № 140 қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Абылай ханның есімі;
- 14) «Қармақшы аудандық білім бөлімінің № 269 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Жанқожа батырдың;
- 15) «Арал аудандық білім бөлімінің № 227 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Аманқос Мұстафаевтың есімі;
- 16) «Қазалы аудандық балалар әуез мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Қорқыт атаның есімі;
- 17) «Қызылорда қалалық білім бөлімінің № 235 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Көмекбай Қаракөзовтің есімі;
- 18) «Шиелі аудандық білім бөлімінің № 228 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Шәймерден Бәкіровтің есімі;
- 19) «Жалағаш аудандық білім бөлімінің № 202 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Зейнолла Жарқынбаевтың есімі;
- 20) «Шиелі аудандық білім бөлімінің № 270 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ғафур Мұхамеджановтың есімі;
- 21) «Шиелі аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Шиелі аудандық мәдени-шығармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Бұдабай Қабылұлының есімі;
- 22) «Қызылорда қалалық білім бөлімінің № 261 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Серәлі Лапиннің есімі;



23) «Қызылорда қалалық білім бөлімінің № 197 қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әбу Құдабаевтың есімі;

24) «Қызылорда қалалық білім бөлімінің № 198 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Жанәбіл Нұрмановтың есімі;

25) «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Мұстахым Ықсановтың есімі;

26) «Қызылорда облысының білім басқармасының Дарынды балаларға арналған № 4 облыстық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Еркін Әуелбековтің есімі;

27) «Жаңақорған аудандық білім бөлімінің № 86 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ахмет Әділовтің есімі;

28) «Шиелі аудандық білім бөлімінің № 40 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Алма Қыраубаеваның есімі;

29) «Арал аудандық білім бөлімінің № 62 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Жарасқан Әбдірашевтің есімі берілсін.

2. Мынадай білім беру және мәдениет ұйымдары:

1) «Қызылорда қалалық білім бөлімінің № 6 К. Маркс атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Қызылорда қалалық білім бөлімінің № 6 Мұхамедғали Сужиков атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) «Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратының Ақжар ауылының клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратының Сәрсенбай Бөртебайұлы атындағы клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

3) «Арал қаласы әкімі аппаратының Арал қалалық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Арал қаласы әкімі аппаратының Зейнолла Шүкіров атындағы Арал қалалық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

Астана, Үкімет Үйі

201_ жылғы
№ _____
№ _____ дана

от «__»
_____ №
_____ экз. №

№ исх: 135 от: 27.03.2017

Маңғыстау облысының білім беру ұйымдарына атау беру және қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мынадай білім беру ұйымдарына:
 - 1) «№ 5 жалпы білім беру орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Нұртас Оңдасыновтың есімі;
 - 2) «№ 16 жалпы білім беру орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Саламат Мұқашевтың есімі;
 - 3) Түпқараған ауданы әкімдігінің «Өнер және кәсіпке бағдарлау мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Мұрын жырау Сеңгірбекұлының есімі;
 - 4) «Шайыр орта мектебі» мемлекеттік мекемесіне Тұрар Жалғасбайұлының есімі;
 - 5) «№ 5 жалпы орта білім беру мектебі» мемлекеттік мекемесіне Шоғы Мұңалұлының есімі;

Білік сериялық нөмірі: ЖАРАМСЫЗ ВОЛНІП ТАВЫЛДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шетелді даянда жасалды, белгіленген тәртіптен бекітіледі ЖӘНЕ ЕСЕНКЕ АЛЫНАДЫ.
 Копия при служебной необходимости делаются в определенном количестве.
 ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.



6) «Мектепке дейінгі шағын орталығы мен гимназия сыныптары бар № 15 жалпы білім беру орта мектебі» мемлекеттік мекемесіне Ибаш Жанболатованың есімі берілсін.

2. Маңғыстау облысының әкімдігі Маңғыстау облысының білім басқармасының «Маңғыстау политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Маңғыстау облысының білім басқармасының «Халел Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

Астана, Үкімет Үйі

201_ жылғы
№ _____
№ _____ дана

от «__»
_____ №
_____ экз. №

№ исх: 828 от: 20.12.2016

**Маңғыстау облысының мәдениет және білім беру ұйымдарына
атау беру мен қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мынадай білім беру және мәдениет ұйымдарына:
 - 1) «№ 7 мектеп-лицей» мемлекеттік мекемесіне – Нәсіпқали Марабаевтың есімі;
 - 2) Маңғыстау облысы білім басқармасының «Маңғыстау гуманитарлық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына – Мұрын жырау Сеңгірбекұлының есімі;
 - 3) «Мектепке дейінгі шағын орталығы мен гимназия сыныптары бар № 22 жалпы білім беру орта мектебі» мемлекеттік мекемесіне – Серікбол Қондыбайдың есімі;
 - 4) «№ 1 жалпы білім беретін мектеп-лицей» мемлекеттік мекемесіне – Ғұбайдолла Айдаровтың есімі;
 - 5) Маңғыстау облысы мәдениет басқармасының «Маңғыстау облыс-

Білім сервизілік нөмірі: ЖАРАМСЫЗ ВОЛНІП ТАВЫЛДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шетелді дағдала жасалды, белгіленген тәртіптен бекітіледі ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАЛЫ. Бланк без сервизіно номері НЕГДЕЙСТВИЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в установленном количестве. ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.



тық әмбебап кітапханасы» мемлекеттік мекемесіне – Қабиболла Сыдиықовтың есімі;

б) «№ 8 жалпы білім беру орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – Исатай Сүйеубаевтың есімі берілсін.

2. «Ұштаған орта мектебі» мемлекеттік мекемесі – «Асқар Өтепбергенов атындағы орта мектеп» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

Астана, Үкімет Үйі

201_ жылғы

от «__»

№ _____

№ _____

№ _____ дана

_____ экз. № _____

№ исх: 79 от: 18.02.2017

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы академиясына Мақан Есболатовтың есімін беру туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесіне Мақан Есболатовтың есімі берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат): көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер мен оның ведомстволарының тізбесінде:

«1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі» деген бөлімде: реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы.»;

2) «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы

Бланк сериялық нөмірі: ЖАРАМСЫЗ ВОЛНІШ ТАҒЫЛДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шетелді дағдана жасалды, белгіленген тәртіптен бекітіледі ЖӘНЕ ЕСЕНКЕ АЛЫНАЛЫ. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВУЕТ. Копии при служебной необходимости делаются в определенном количестве. ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.



Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында: көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

1-бөлімде:

21) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

21)	ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы	597***
-----	---	--------

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

Астана, Үкімет Үйі

201_ жылғы
№ _____
№ _____ дана

от «__»

№ _____

_____ экз. № _____

№ исх: 735 от: 24.11.2016

Павлодар облысының кейбір білім беру ұйымдарын қайта атау туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысының мынадай білім беру ұйымдары:

1) «Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің Ақсан жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі - «Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің Дүйсенбай Рахметов атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) «Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің Бірлік жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі - «Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің Жылбек Ағаділов атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Бланк сериялық нөмірі: ЖАРАМСЫЗ ВОЛНІП ТАҒЫЛДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шетелді даула жақсатып, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕНКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в установленном количестве.
ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

Астана, Үкімет Үйі

201_ жылғы

№ _____

№ _____ дана

от «__»

№ _____

_____ экз. № _____

№ исх: 881 от: 28.12.2016

**Солтүстік Қазақстан облысының кейбір білім беру ұйымдарына
атау беру мен қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысының мынадай білім беру ұйымдарына:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Петропавл қаласының қызмет көрсету саласы колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – Искандер Даутовтың есімі;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Петропавл темір жол көлігі колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық білім кәсіпорнына Бәйкен Әшімовтің есімі берілсін.

2. «Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің «Қызылжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Березовка негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Солтүстік

Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің «Қызылжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Филипп Чижиков атындағы негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев



ОЙТОҒЫС

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығымен бірлесе отырып, ағымдағы жылдың 2 маусым күні Шымкент қаласында «*Ономастика саласындағы жұмыстарды ұйымдастырудың өзекті мәселелері*» тақырыбында республикалық семинар өткізді.

Семинар барысында өңірлердегі ономастикалық ахуал, идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларды тарихи жер-су және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен өзгерту секілді мәселелер көтеріліп, ф.ғ.д. профессор – М. Мекемтасұлы, Е. Қажыбек, Х. Әбжанов, саясаттанушы – Д. Көшім және жергілікті жерлердегі тіл басқармаларының мамандары баяндама жасады.



*Мекемтас Мырзахметұлы,
М.Әуезов атындағы
ОҚО университеті
Гуманитарлық ғылыми-зерттеу
институтының директоры, профессор*

ЖАҢА ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ ОНАМАСТИКА МӘСЕЛЕСІ

Хакім Абайдың жетінші қара сөзіндегі «Дүниенің көрінген әм көрінбеген сырын түгендеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Әзелде Құдайтағала хайуан жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқан» деп өз заманында-ақ дүниетанымдық көзқарастың биік деңгейінде айтылған терең ойдың табиғи болмысын аңғарамыз. Абай дүниенің көрінген және көрінбеген сырын танып-білуде бұл екі құбылысты үйлестіре қараудың жолын меңзейді. Әрі өзі өмір бойы осы жолды ұстанып кетті.

Бұл мәселені яғни дүниенің көрінбеген және көрінген сырын Еуропалықтар 16 ғасырда-ақ танып-білсе де, оларды үйлестіре қараудың жолына түсе алмаған. Мысалы сол заманның көрнекті ғалымы испандық Рено Декарт «Арнайы құрылғылар мен өлшеуге болатын нәрселерді ғана зерттеп, ғылым деп осыны ғана айтайық. Ал сана деген көзге көрінбейді, прибормен өлшенбейді. Бар екенін білеміз. Бірақ көзге көрінбейтін нәрсені зерттеп қайтеміз» деп бірден-ақ олар дүниенің көзге көрінген жағын зерттеуге бет бұрып кетті де, дүниенің көрінбеген сырын яғни рухани әлемді зерттеуден бас тартты, олар бүкіл Еуропалықтарды материалистік атеистік жолға бағытқа сілтеп жіберді.

1917 жылы большевиктер партиясы билікке келген соң материалистік атеистік танымды жалғастырып, дамытып қоғамдық сананы қалыптастырудың теориялық, идеологиялық негізіне айналдырды. 1922 жылы «Құдайсыздар» деп аталатын газетін шығарып, қоғамды тұтастай атеистік жолға түсірді. Руханият жолын ұстаған поптар мен молдаларды қуғындап, атып шіркеу мен мешіт атаулыны қиратты. Қашан КПСС пен ССРО күйрегенше жоғарғы оқу орындарында Атеизм негіздері деген оқулықты оқып емтихан тапсырып жатты. Бүкіл қоғамның рухани өмірінде материалистік, атеистік дүниетаным үстемдік етіп келді.

Ресей империясы жаулап алған 47 түрік халқы да осы материалистік атеистік дүниетанымның қыспағында қалды. Халық қаншалықты идеологиялық қысымда қалса да, ауылдық жерлердегі түрік халықтары ата-бабалары ұстанған исламият пен ұлттық дәстүрлерін шама келгенше ұстап қалуға тырысты. Өйткені «Уықты ұстайтын – басқұр, халықты ұстайтын – дәстүір» деген мақалдың босқа айтылмайтыны да, шындыққа сай айтылғаны да байқалады. Ертеде қытай барлаушы-



лары түрік халқын жаулап бодан етуге болады, бірақ олар ұстанған халықтық әдет-ғұрып салт-сана дәстүрлерін бұза алмайды деген пікірлері де советтік тұрмыста, ол ұстанған идеологияға құлай берілмей ата-бабалары ұстанған жолы қаншалықты қыспаққа алынса да, шет жағасын ұстанып қалуы халық тәуелсіздігін алған заманда да өз көрінісін беруі – көп мәселенің әже алып кетуінің өзі-ақ айғақтап тұр.

Ал онамастикалық ғылым салалары саясатпен тікелей байланысты болғандықтан, кеңестік билік кезеңінде отаршылдық, тоталитарлық елді мекен жер атауларының ұлттық дәстүр шетке ығыстырылып, орыстанған елді мекен жер атауларымен антропонимдер басымдыққа айналды.

Ойшыл ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай

Түріктер енші алысып көшкенінде

Қазаққа қара шаңырақ қалыпты ғой, -

деп қара шаңырақтың мән мағынасы атадан қалған ұлттық дәстүрдің сақталуын меңзеп тұр.

Билікке келген орталық өздері ұстанған онамастикалық саладағы затшылдық, атеистік танымын түрік тілді халықтарға сырттай билік күшімен ендіріп, олардың ғасырлар бойы ұстанып келген ұлттық дәстүр негізіндегі елді мекен жер атауларын сыртқа қақты. Мысалы Ресей империясы проваславия дінінің онамастикалық дәстүрін ұстануы себепті, оны түрік халықтарына тықпалады. Мысалы елді мекен жер атауларын адам атына қою дәстүрі Византия императоры Константиннің әрекетінен басталған. Ол Византия империясының астанасына өз атын беруі себепті, астана Константинополь яғни Константин қаласы деп атануы себепті, осы дәстүрді Ресей империясы қабылдап, топоним атауларын адам атына қою дәстүрі олардың ұлттық дәстүріне айналып кетті. Мысалы Мәскеу (Ахад Москаның атына 1088 жылы қойылды), Ленинград, Сталинград, Калининград!!! Бұл атаулар олар үшін қалыпты құбылыс. Ал қазақтардың ірі елді мекен жер атауларына адам атына қойылмайды, микропонимдерге ғана қойылады. Мысалы пәленшенің құдығы, түгеншенің асуы деген сияқты аталымдар. Ресей отаршылдары бұл кезде отаршылдық тапонимдерді қазақ жеріне қалағанынша қойып жатты. Мысалы Вановка, Самсоновка, Галовочовка, Гродеков т.б.

Билік басына халықтар көсемі Сталиннің бас хатшыға сайланған соң, әсіресе 1937 жылғы қызыл қырғыннан кейін ССРО аумағында тотариларлық тапонимдер алыс жақын жер атауларында, колхоз совхоз, мектеп пен жоғарғы оқу орындарында қойылып жатты. Бұл құбылыс, әсіресе, саяси бюоро мүшелерінің көпшілігі «халық жауы» деп ұсталынған тұста адам айтқысыз жылдамдықпен қойылып тираждап көбейіп жатты. Мысалы менің туған ауылым Майтөбе 1867 жылы Майлықент болысына қарасты № 13 ауыл деп аталды. Кеңестік билік кезінде ол ауыл Қарасу ауылшаруашылық артелі, Көктерек колхозы,

Калинин колхозы, Жданов колхозы, Қызыл жұлдыз колхозы ақыры кеп Жуалы совхозы Мишури атындағы совхозы деп 8 рет алмасса, тәуелсіздік заманы орнасымен 1997 жылы Майтөбе ауылы деп тарихи атымен аталып қалды. Сонда 1867 жылға Майлықент болысындағы №13-ші ауыл 1997 жылға дейінгі аралықта яғни 130 жыл ішінде 6 ұрпақ алмасып үлгергенде, бүгінгі Майтөбе ауылындағы жастар өз ауылының не себепті 8 рет өзгеріп алмасу себептерінің тарихын біле бермейді. Әрине, мұндай жылдам алмасу Қазақстандағы макротопонимдер мен микротопонимдердің бәрінде болып өтті. Қоғамдағы бұл іспеттес саяси әлеуметтік болмыстан туындап жатқан халықтық, отаршылдық, тотолитарлық елді мекен жер атауларындағы алмасулар тарихы – біздің қасіретті тағдырымыздың онамастикалық санадағы өзгерістер мен саяси қысымдардың көрінісі десек жөн болар. Жоғарыда баяндалған онамастика саласындағы жойқын өзгерістер тарихына назар аударуға міндеттіміз:

1) Туған ел, туған жердегі елді мекен жер атаулары ғасырлар бойы қазақ халқының ұстанып келген ұлттық дәстүрлерді аяусыз жауша тиген отаршылдық, тоталитарлық тапонимдер жойып жіберіп, халықтық жадымыз мен санамызды сыртқа қағып ұмыттыруы - Ресей империясының шоқындырып орыстандыру саясатынан туындап жатқан қасіретті құбылыс болып табылады.

2) Енді материалистік, атеистік дүниетаным өзгеріп оның орнына квантты физиктері дәлелдеп ғылыми тұрғыдан орнықтырған әлемді Ұлы сана билейді деген мүлде жаңа дүниетаным орнықты. Осы себепті идеалық негізі төңкеріліп жаппай дағдарысқа ұшыраған гуманитарлық ғылым салалары тәрісзді онамастикалық ғылымның салалары да дағдарысқа ұшырады. Енді бұл ғылым саласы саясатпен тікелей байланысты болғандықтан, оны жаңа дүниетаным тұрғысынан қарап, осы таным талабына сай іс-әрекетке кірісу міндеті алға қойылып отыр:

а) Ескі таным негізінен туындаған отаршылдық тапонимдерден түгелдей арылу талабы алға қойылғандықтан, таяу жылдар ішінде елді мекен жер атауларындағы отаршылдық тапонимнің іздері тарихтан өшуі керек.

ә) Жаңа дүниетаным барлық салада орнығуы себепті кеңестік билік тұсында елді мекен жер атауларына жаппай қойылған қайраткерлер мен партия совет қызметкерлерінің аты, тіпті тираждап қойылуы себепті олардан арылып таза-лану әрекеті қолға алынып нақтылы іс-қимылға кірісудің қарқыны күшеймек. Бірақ бұл процес халық санасының самарқаулануы себепті қарсылық ұзаққа созылуы мүмкін. Өйткені тотолитарлық тапонимдерден арылу іс-әрекеті ұзақ мерзімге созылмақ.

б) Бірақ бұл дүниетанымдағы басты кемшілік – дүниенің көрінген сыры мен көрінбеген сырын үйлестіре алып зерттеудің орнына, бұл аса күрделі құбылыстың бір жағына, яғни дүниенің көрінген сырын танып білуге шешуші



мән берілді де, дүниенің көрінбеген сырына жатырқай қарауды испан ғалымдары бастады. Мысалы, атақты испан ғалымы Рена Декарт: «Арнайы құрылғылармен өлшеуге болатын нәрселерді ғана зерттейік, ғылым деп осыны ғана айтайық, ал сана (дүниенің көрінбеген сыры М.М.) деген көзге көрінбейді, прибормен өлшенбейді. Бар екенін білеміз. Бірақ көзге көрінбейтін нәрсені зерттеп қайтеміз», - деп, рухани әлемді (жанды) зерттеп, танып, сырын ашудан бас тартты. Бұл сыңаржақ әрекет Еуропа халықтарының дүниетанымын материалистік, атеистік таныммен қалыптасуына алып келді. Еуропа халықтары бес ғасыр бойы таза материалистік, жауынгер атеистік танымнан шеңберінен шыға алмай, осы дүниенің тұтқынында қалды. Мұның нәтижесі бүгінде бүкіл еуропалықтар мен Ресей империясын қоса есептегенде ондағы халықтардың мінез-құлқы бұзылып, бүгінгі бейшаралық қалыпқа түсті, рухани танымдағы теріс ұғымның тар шеңберінен шыға алмай адасуда.... Алдағы күндерде кеңес билігі ендірген бөтен дүниетанымнан туындап онамастикаға енген жат дәстүр енді ұлттық дәстүрге ауысуы заңдылық. Мысалы макротопонимдерге жеке кісі аттарын қоюдан бас тарту талабын жүзеге асыруды қолға алу басты міндетімізге айналмақ.

в) Осы таным тұрғысынан келіп жеке азаматтардың аты жөні әлемде тек славян халқында дәстүр ретінде үш аталымнан келетін. Мысалы Александр Сергеевич Пушкин деп жазылуы сияқты құбылыс, Мұхтар Омарханұлы, Бауыржан Момышұлы, Рабиға Сыздыққызы, Қажымұқан келіні деп жазылатын ұлттық дәстүрді қалыптастыру жөн. Микротопонимдердегі көше, мектеп, ауыл т.б аталымдары да ұлттық дәстүр тұрғысынан қойылғаны жөн. Мысалы Абай даңғылы, Мәншік көшесі, Мәлік мектебі деген сипатта аталмағы жөн.

Бүгінде қазақ антропонимдері өзінің ұлттық табиғи болмысын бұзып алғаны айтылып та, жазылып та жүр. Бұл құбылыс қазақ жерін жеті рет жаулаған басқыншылық заманындағы жеті қабатында орны анық байқалып тұрады. Ол қабаттар: 1) Қытайлық, 2) Парсылық қабат, 3) гректік қабат, 4) арабтық қабат, 5) моңғолдық қабат, 6) қалмақтық қабат, 7) орыстық қабат. Осы қабаттардың ішінде ең залалды қауіпті қабат арабтар мен орыстардың отаршылдық саясатында жатыр.

Арабтар ислам дінін тарату мақсатында басқыншылық жасағанда отаршылдық айла тәсілдердің не бір жаңа тәсілдерін қолданысқа түсірген әрекеті орта ғасыр ғалымы ад-Наршахидің «Бұхара тарихы» кітабында жан жақты жазылып әшкереленді. Солардың жұқсыз бар айла тәсілі «Жабайыларды жабайылардың қолымен қыру» тәсілі. Бұл айла тәсілді орыс пен қытай мемлекеті қазақ пен ноғай халқының ұлан байтақ даласын жаулап алуға күші жетпей тұрған кезде, 1723 жылы ресей қытай қалмақ үшеуі тіл табысып, қазақ, ноғайды жер бетінен жойып ұлы даласын бөлісіп алуға іштей бірігіп, бір байламға келгенде, «Жабайыларды жабайылардың қолымен қырып жою» тәсілін тарихымыздан білеміз. Ресей, қытай империясы қалмақ пен қазақты бір біріне айдап салып, қырғын

соғыста екі халықты бір біріне қырғызды. Осы соғыста қазақтардың үштен екісі қырылса, ал қалмақ тұтас жойылып, мемілекетінен айырылды. Осы екі қырылған халықтан босаған жерді екі империя келісе отырып бөліп алды. Әрең тірі қалған қазақ Ресей мен қытайдың бодандық хамытын киіп, 260 жылда (1731 – 1991) әрең дегенде тәуелсіздікке қолы жетті. Осы жағдайға байланысты қазақ антропонимдері айтарлықтай өзгеріске ұшырап жұтай түсті. Оларды бұрынғы дәстүрлі ұлттық антропонимдерге айналдыру үшін аудандық ЗАГС орындары мен бірлікте бір жүйеге түсіру арқылы бұрынғы табиғи болмысымызға келтіре аламыз.



*Ханкелді Әбжанов,
Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және
этнология институтының директоры,
ҰҒА академигі*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНОМАСТИКА

«Киелі» сөзінің мән-мағынасы өте күрделі. Халқымыз осы ұғыммен зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке қарсылығын, адамның, табиғаттың, қоғамның арасындағы жарасымдылық пен үйлесімділікті сақтауға құштарлығын білдірген. Жүгірген аңның, ұшқан құстың, жер мен судың, ерекше қасиетке ие адамның киесі ұрады деуімен қоғамдық-саяси, рухани, экологиялық, әлеуметтік тұрақтылықты, ынтымақ пен ықпалдастықты бәрінен жоғары қоя алған. Батыс тарихнамасында әлі күнге дейін өмір сүріп келе жатқан қате тұжырымды – көшпелілер өркениеттен тыс қалған, олар соғысқұмар, отырықшыларға тыныштық бермеген тәрізді пайымдарды жоққа шығара алғанын да білуіміз керек.

«Киеліден» туындайтын қазақ әлемінің гуманистік және жасампаз әлеуетін өзімізге де, өзгеге де түсіндірудің маңызы зор. Бодандықтағы үш ғасырға жуық уақыт ішінде киелі жерлеріміз аз бүлдірілген жоқ. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы», деген ой-түйіндер, біріншіден, ұлттық кодымыздың тынысын кеңейтуді көздейді, екіншіден, ономастикалық міндеттерімізді тиянақтап тұр, үшіншіден, ең бастысы – қазақ қазақ қалпында ғана жаһандық бәсекеге төтеп бере алатынын еш бүкпесіз жайып салды. Турасын айтқанда, тәуелсіздіктің ғұмырын ұзартып, «Мәңгілік Елге» айналу, үшінші жаңғыру үшін бізге қазақ болып қалғаннан басқа жол жоқ.

Танымдық тұрғыдан киелі жерлерге нені жатқызуға болады? Біздің ойымызша, олар төрт топтан тұрады: біріншісі – ислам діні келгенге дейінгі арғықазақтардың салт-дәстүрі мен ритуалдары орындалатын жерлер. Мәселен, Наурыз мейрамы қарсаңында Маңғыстаудағы Оқпантауда алау жағу дәстүрі. Екіншісі – ислам дініне байланысты қасиетті саналатын нысандар. Бұл орайда ежелден белгілілері мен кейбір пысықайлардың өз пайдасы үшін аяқ астынан ойлап тапқан нысандарды шатастырмау керек. Үшіншісі – ұлы тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты киелі жерлер. Айталық, 2012 жылы Астанада, биылғы

31 мамырда Алматыда ашаршылық құрбандарына ескерткіш ашылды. Қазірдің өзінде олар жас пен кәрінің тәу ететін құндылығына айналууда. Төртіншісі – тылсым сырлары ғылыми талданбаған, бірақ адамға, оның денсаулығына пайдалы немесе зиянды әсері күдік-күмән тудырмайтын жерлер.

Бұлардың киелі аталатын себебі – адамдарды руына, тайпасына қарай ала-ламай, өзіне тартып тұратыны, оларға жақсылық сыйлайтыны, алдағы күнге сенімін арттыратыны.

Қазақстанда киелі жерлер, нысандар баршылық. Алдымен осылардың мемлекеттік тізімін жасау керек. Келесі міндет – мәртебесін – халықаралық, республикалық, жергілікті – анықтау. Ең маңыздысы – әрқайсына қатысты байтақ зерттеу жүргізіп, аңыз, хикаяларын, деректерін жинау. Арнайы ғылыми-зерттеу институтын ашса, артықтық етпес еді. Қасиетті рухани құндылықтарды ұлықтаудың соңғы нүктесі арнайы заң қабылдаумен қойылатынынан үміттіміз.

Киелі жерлер «ақтаңдақтардан» ада емес. Соларды жою – ұлттық тарихты қалың көпшілікке жеткізудің пәрменді тетігі. Әзірге Қызылорда облысындағы Бегім ана мұнарасын, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ақсүмбені, Қостанай облысындағы Мұғалім көлін рухани құндылық ретінде әркім біле бермейді.

Тарих – ұлттық құбылыс. Оның ақиқатын, тылсым сырын ашу үшін бірінші кезекте халықтың, биліктің, тұлғаның, яғни тарихты түзушілердің барша өмірі мен қаракеті неден күш алатынын, қайда табан тіреп тұрғанын анықтау қажет. Империялық биікке көтерілген испан, ағылшын, орыс, француз қауымы үшін материалдық өндіріс, табыс, соғыс маңызды болса, отар немесе аграрлық қауымға тарих дөңгелегін айналдыруға басқа өлшем бар. Ұлы дала елінің тарихын көктей шола отырып, оның мазмұны мен ерекшеліктерін анықтаған, тарихи оқиғаға, үдеріске, тіпті тұлғаға тұғыр, базис болған нағыз түпжаратушыдай үш байлықтан ажырамау керек екеніне иландық. Бірінші тұғырлы байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет. Осылардың қайсын алсақ та, ономастикамен ажырағысыз байланысы бар.

Ұлы даладағылардың антропологиясы, шаруашылығы, өмір салты, алыс-жақын елдермен қарым-қатынасы, ономастикасы жерге байлаулы табиғи-географиялық факторлармен анықталды.

Арғызақтарды біріктірген, тұтастырған, ел болуға жетелеген күдірет – тіл. Бізді қыпшақ, моңғол, ноғай атандырмаған, Қазақ елі, қазақ атандырған, Сарыарқаны – Сарыарқа, Түркістанды – Түркістан атандырған өндіріс тәсілі емес, билеушінің жарлығы да емес, ол – тіл.

Тарихқа тұғыр болған жер мен тіл тарихты түзбейді. Олар – тарихтың куәгерлері. Осы куәгерлерді археология, терминология, ономастика, түркология, салыстырмалы саясаттану, этнология, антропология ғылымдары тұрғысынан зерттеумен, сөйлетумен, түсінумен, сәйкестік пен бірегейлігімізді танумен

бұрынғы мен бүгінгінің сабақтастығын ұғынамыз. Тарихқа тазғзым дегеніміз – ол ең алдымен жерге және тілге тағзым деген сөз.

Өкінішке орай, еліміздің жер-су атауларында әрісі – отарлық, берісі – тоталитарлық дәуірлердің ізі сайрап жатыр. Тұтас елді мекендер «Алексеевка», «Николаевка», «Покровка», «Октябрь», «Осакаровка» атауынан арылған жоқ. Бұлардың басым бөлігі – коммунистік идеологияның мұрасы. Демек, Елбасымыздың мақаласындағы: «Тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді», деген қағиданы басшылыққа алумен коммунистік елестен бұржолата қол үзгеніміз жөн. Кезінде Кремльдің бас қиялшысы орыс тіліне тезірек көшу коммунизмді тезірек орнатудың шарты екенін қоғамдық санаға тықпалаған екен. Империялық ұлт мүддесіне адал басшы басқаша сөйлеуі мүмкін де емес. Енді қазақтың мүддесі сөйлейтін уақыт туды. Тәуелсіздігімізді әлем мойындаған шақта ономастикадағы ұлттық, мемлекеттік мүддемізді басымдықпен алға шығарып, киелі жерлерімізді әліппеде ұлықтаудан Заң күшімен қорғауға дейін қисынды жүйелей алсақ, ешкім қазақты ұлтшылдықпен айыптай алмайтынына кәміл сенемін.

Киелі нысандардың біршамасы елді мекендерден жырақ жатыр. Ертең соларға апаратын жол, жол бойына әлеуметтік инфрақұрылым түсері сөзсіз. Салынатын жол мен инфрақұрылымға жоба шағынан дұрыс ономастикалық атау беруді қадағаламасақ, мысалы, Нысанбай жыраудың басына, Ақтау бекінісіне, Астанадағы пантеонға апаратын жол немесе нысан «Новый Абай», «Семь бочек», «Синема Сити» аталып шыға келуі бек мүмкін.

Киелі нысандардың мекен-жайы, яғни адресі көп мәселеден хабар береді. Ойымыз түсінікті болу үшін бір ғана мысал келтірейік. Алматыда «Ғылым ордасы» бар. Ол – кешегі ғылым академиясының бас ғимараты. Мұнда кезінде Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, А. Жұбанов, т.б. тұлғалар еңбек еткен. Сөз жоқ, киелі, қасиетті мекен. Бірақ ол Шевченко көшесінің бойында тұр. Есесіне Марғұлан көшесі қаланың шет жағына ығысып кеткен. Керісінше болуы керек еді.

Қысқасы, киелі нысанды қоршаған ономастика да ұлттық-тарихи реңкпен ерекшеленгені абзал.

Киелі жерлер атауларын ономастикамызда әрі тарихымызбен ажырағысыз байланыста орнықтыру арқылы қазақстандық патриотизмнің іргетасы – жерге, тілге, мемлекетке құрметімізді нығайтамыз. Бұл қазақ жеріне көзін тігіп жүрген басқаларға да сабақ болғанына қоса, ұлттық тіліміздің мәртебесін, мемлекетшіл санамыздың деңгейін арттырады сөзсіз.

*Бекжан Әбдуәлиұлы,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің профессоры,
қазақ тіл білімі кафедрасының оқытушысы*

ТАРИХИ АТАУЛАРДЫ ЖАҢА ЗАМАНҒА САЙ ҚАЙТА ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ ТОПОНИМИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Астанадағы көше атауларының өзгелерге ұқсамайтын басты ерекшелігі қаланың тарихымен тығыз байланысты. Тарихи, саяси себептермен қаланың өзі де *Ақмола → Целиноград → Ақмола → Астана* болып бірнеше рет өзгерді, соның ішінде Ақмоладан Астанаға өткенде мүлде жаңаша сипат алды. Қазақ халқының басынан өткен, бодан болу және тәуелсіздік алу секілді қилы кезеңдерді бейнелейтін бұл атаулардың берілуінде түрлі себептер бар. Екі ғасырдан астам Ресейдің қол астына қараған Қазақстан ономастикасының мазмұны сол кездердегі экономикалық, саяси, мәдени ахуалды және әуелі патшалық Ресейдің, кейіннен осыған ұқсас кеңестік идеологияны бейнелейтін [1]. Бұл жағдайды әсіресе солтүстік өңірлерге ораналасқан қалалар, соның ішінде Астана годонимдері де басынан кешірді. Астана годонимдерінің өткен тарихында атау беру принциптерінің байырғы жүйесі қатты әлсіреп, кейіннен қайта жаңғырған кездері болды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін Елорданың Ақмолаға (қазіргі Астана) көшіп келуімен қала годонимдері түгелге жуық жаңарды. Бұрынғы тәуелді жылдарда халықтың қалауынан тыс үстем саяси көзқарастардың ықпалымен берілген, жергілікті ұлттың тұрмысы мен мәдениетіне қатысы аз годонимдер қазақ халқының төл құндылықтарының атауларымен ауыстырылды. Бұл өзгерістер «осылай ету керек» деген идеямен ғана жүзеге асқан жоқ, қала құрылымында болған үлкен жаңалықтардың өзі де осы жағдайдың туындауына негіз қалады. Есіл өзені екіге бөліп тұрған оң жағалау мен сол жағалаудың өзіндік тарихы бар. Оң жағалау бұрынғы ескі қала тұрған жер болатын, астананың келуімен мұндағы ескі үйлер бұзылып, орнынан тың үлгідегі құрылыстар жүргізілді. Ескі тар көшелер кеңейтіліп, басқа көшелермен қиылыстарында өзгерістер орын алды. Ал сол жағалау қазіргі тұрғындар тілінде «жаңа қала» деп те аталады. Ол тың жерден салынғандықтан, ондағы көшелердің барлығы, әуелгіде уақытша нөмірленіп, кейіннен тұрақты атаулар иеленді.

Годонимдер қаладағы сызық бойы нысандардың, соның ішінде проспект (*даңғыл*), улица (*көше*), линия (*жол*), переулок (*қысқа көше*), проезд (*орам*), бульвар (*желек жол*), набережной (*жағалау*) атаулары [2, 52]. Ал Астана қаласында олардың *тасжолдар* (шоссе), *даңғылдар*, *көше атаулары*, *желек жолдар* (буль-



вар), *қысқа көшелер* (переулок), *орамдар* секілді түрлері бар. Тас жолдар қала ішінен басталып, сыртқы аудандарға қарай созылып жатады. Мысалы, Алаш тасжолы Шара Жиенқұлова көшесінен басталып, қала ішінде Ақжол, Жолымбет көшелерімен қиылысады. Ұзындығы – 14717,3 м. [3, 200]. Өзгелері де осылай, қаладан шыққанша бірнеше көшені кесіп өтеді. Астанада шығатын тасжолдар көп емес, төртеу: *Алаш тасжолы*, *Қарағанды тасжолы*, *Қарқаралы тасжолы*, *Қорғалжын тас жолы*. «Алаш тасжолы» метафралық атау болса, қалған үшеуі өздері баратын елдімекеннің атымен аталып, бағытын білдіреді.

Годонимдер көше сызықтарының бойымен барша ауданды қамти отырып, қаланың негізгі құрылымының көрінісін де сипаттайды. Қаланың тілдік келбеті ретінде санағанда оның осы ауқымдылығы негізге алынады. Годонимдер ақпараттық қызметімен де маңызды. Оны мынандай екі бағытта қарауға болады: 1. Бағытты, белгілі бір нысанның қайда орналасқанын, яғни *мекенжайды көрсетеді*. Пошта қызметінен бастап, жеке адамдардың қатынасына дейінгі аралықтағы барлық байланыстарды реттеуге қолайлылық тудырады. Әлеуметтік қызметі – Астананың тілдік бейнесімен қатар тілдік өмірінің де бір тарауы. 2. *Қаланың рухани келбетінің* мазмұны туралы ақпараттар береді. Ал рухани келбеті қаланың ғана емес, жалпы ұлттың тілдік мәдениетімен тікелей сабақтас. Ғасырлар бойы қалыптасқан атау беру мәдениетінің айғағы болып табылатын *Мұзтау көшесі*, *Моншақты көшесі*, *Құсжолы көшесі*, *Күреңбел көшесі* т.б. көркем атаулар ХХІ ғасырда өзінің дәстүрлі жолымен қала ономастикасының құрамынан орын алып отыр. Годонимдер жүйесіндегі рухани-мәдени мазмұн атау беру мәдениетімен қатар, қала құрылымының қисыны мен үйлесімділігінен де көрініс береді. Қатар жатқан сызықтық нысандарға атаулардың бір-бірімен үйлесімділікте берілуі қарым-қатынастағы реттілік, есте сақтауға қолайлылықпен қатар қала көркін де ерекшелеп тұрады.

Ономастикалық атаулардың өзіне тән төл материалының болмауына байланысты белгілі бір нысанды атау үшін тілде бар сөздерді пайдаланады, сондықтан олардың қалыптасуында тілдік факторлармен қатар, тілден тыс факторлардың да орны үлкен. Әр атаудың өзіне тән шығу уәждері бар, оның атқаратын қызметі мен туынды мағынасы тікелей осы шығу уәждерінің негізінде орнығады, екінші сөзбен айтсақ экстралингвистикалық факторлар мен шығу уәждері өзара байланысты құбылыстар. Мысалы, халықтың тәуелсіз мемлекет құру туралы ғасырлар бойғы арман-тілегі Астана годонимдерінің мазмұнынан айқын көрініс берді. Сондықтан, осы жолда күрескен хандар мен батырлардың, бишешендердің, қоғам және мәдениет қайраткерлерінің есімдері, сонымен қатар өткен тарихындағы мәдени, экономикалық, дүниетанымдық ұғымдарының атаулары т.б. көше атауларының құрамынан орын алды, годонимдерге айналды.

Экстралингвистикалық факторлар жүйесі тілдегі трансонимизация құбылысымен де байланысты. Бұл терминге тіл білімінде көп зерттеушілер

В.В.Подольскаяның пікірімен келісе отырып, онимдердің бір разрядтан екіншісіне ауысуы екенін растайды [2; 5; 7; 8]. Астана годонимдерінің қалыптасуында да трансонимизация құбылысының орны үлкен. Сонымен қатар трансонимизация байырғы қазақ ономастикасына да жат емес. Енді талдаулардың жүйелілігі үшін әуелі қазақ халқының атау беру дәстүріне, яғни топонимизация мәселесіне тоқталуға тура келеді. Көшпелі ғұмыр кешкен халқымыз ұлан-ғайыр кеңістікте жылдың төрт мезгілі бойына айнала көшіп жүрді. Осы аумақтың әр жеріне өзіндік ерекшеліктері бойынша атау бермей тұрып кеңістікті игеру мүмкін емес еді. Қоныс жағдайы (Салқын бел, Саумал тау), ондағы климаттың ерекшелігі (Жылысай, Суықсай), географиялық нысандардың сипаты (Шокпар тас, Шұбар тау, Шыңбұлақ), ол жерлерде өсетін өсімдіктер (Шілікті, Ырғайлы, Қарағайлы, Аршалы, Жусанды) мен жануарлардың түрлері (Қоянды, Арқарлы, Құланды) т.б. географиялық нысандарды сипаттау мақсатында әуелі жалпы есім ретінде пайда болып, кейін жалқы есімдерге айналған. Табиғат ресурстары атауларының көпшілігі келе-келе топонимжасамдық компоненттер мен қосымшаларға айналды. Мысалы, су (*Ақсу, Көксу, Қарасу, Сарысу т.б.*), көл (*Ақкөл, Тереңкөл, Төбекөл, Танакөл т.б.*), тал (*Көктал, Қаратал, Бозтал т.б.*), қамыс (*Шиқамыс, Томарқамыс, Тамқамыс т.б.*), өзен (*Шіліөзен, Қырөзен, Қоғазөзен т.б.*), бұлақ (*Ақбұлақ, Қарабұлақ, Ұзынбұлақ, Молдабұлақ т.б.*), құм (*Аққұм, Жалпаққұм, Қызылқұм т.б.*) т.б. көптеген сөздер топоним жасаушы қызметімен ерекшеленді. Құрылымдық жүйесіндегі осы ерекшелігіне қарай қазақ тілінде топонимжасам сөзжасамның бөлек саласы ретінде қалыптасты [4].

Қазақ тіліндегі байырғы топонимдер түрлері қала, елдімекен (ойконим), географиялық нысандар, орман, гидронимдер т.б. салаларға қарай бөлінеді. Бұл атаулардың көпшілігі негізінен бір разрядтан келесісіне ауысып жүре береді, ол қазақ ономастикасында заңдылық ретінде қалыптасқан құбылыс. Табиғатындағы бейімділік мұндай топонимдердің тілде атау ретінде нормалануына ықпал етеді. Мысалы, Ақсу, Көксу, Қарабұлақ, Ұзынбұлақ, Көктал, Қаратал т.б. атауларының шығу уәждері сол жердегі гидронимдермен және өсімдік (ағаш) түрімен байланысты. Құрамындағы су, тал, бұлақ сөздері олардың топоним түрі екенін және гидронимдер класына жататынын білдіріп тұр. Алайда шығу уәждері бойынша солай болғанмен, бұл атаулар гидрониммен қатар ойконим, ороним қызметінде атқаруы мүмкін. Мысалы, **Ақсу** 1) өзен атауы (өзеннің сипатына байланысты қойылған атау); 2) Ақсу өзені басталатын таудағы асу атауы; 3) сол мандағы ауыл атауы. **Қаратал** 1) тау атауы (сонда өсетін ағашқа байланысты қойылған); 2) таудан ағатын өзен атауы; 3) сол мандағы ауыл атауы [6, 140-141 б., 202 б.]. Бір атаудың бірнеше нысанға берілуі дала жағдайымен және алып даладағы белгілі бір аймақты тұрастай білдірумен, яғни танумен, бағыт түзеумен байланысты қалыптасқан. Қазақ ономастикасындағы бұл ерекшеліктің тағы бір сыры белгілі бір



жалпы есімдердің жалқы есімдерге ауысқанда таңбаға айналатындығында. Олар алғашқы мағынасынан алшақтап, таңбалық мәні басымдыққа ие болады. Бастапқы мағынасына тәуелсіз кез келген нысанға таңба түрінде теліну өзі атап тұрған затпен үйлесім табуына, яғни атаудың тілде тез нормалануына мүмкіндік тудырады. Жер-су атаулары тек өзара ғана емес, кісі есімдерімен де алмасып отырады. Аягөз, Балқаш, Еділ, Жайық т.б. секілді лексикалық жолмен және Ақсубай (түб. Ақсу), Аралбай (түб. Арал), Сырбай (түб. Сыр) т.б. түбірге антропонимжасамдық *бай* компонентінің жалғануы арқылы жасалған кісі есімдері қазақ тілінде жиі кездеседі. Керісінше кісі есімдерімен аталатын Аманбөктер (Аманның бөктері), Сейтәлі, Сұлтан, Смағұл т.б. секілді ойконимдер де аз емес.

Шаруашылық қамымен жыл мезгіліне қарай дала мен аспан дүниесін үнемі назарында ұстайтын халық, ондағы құбылыстар мен табиғат сырларына қаныға отырып, әрқайсысының өзіне лайық атаулар берген. Осындай уәждер арқылы пайда болған топонимдердің өзі телінген нысанмен ғана шектеліп қалмай, айналасындағы өзге нысандарға да ауысуы келе-келе дәстүрлі құбылысқа айналған. Тіпті топоним ретінде танылған көптеген бірліктер белгілі бір аудандарда ғана емес, Қазақстанның барлық аймағына таралған. Мысалы, Ақжар, Ақсу, Ақсуат, Алакөл, Аралтөбе, Ақтөбе, Көктерек, Қарасу, Мұзбел т.б. көптеген титік үлгілер ел аумағының төрт тарапында да кездеседі. Атау беру – ұлттық таным әлемінің өз алдына дербес саласы. Ғасырлар бойғы тәжірибенің негізінде оның өзіндік дәстүрі орнықты, бұл дәстүрдің белгілері Астана годонимдерінің де даму үдерісіне өзіндік ықпал етті.

Астана годонимдерінің құрамы алауан түрлі:

Кісі есімдерінен жасалған годонимдер көне заманнан бүгінге дейін қазақ қоғамының дамуына, сыртқы жаулардан қорғауға, тарихи-мәдени гүлденуіне т.б. секілді мемлекет ретінде қалыптасуы мен орнығуына үлес қосқан қайраткерлер есімдерінен тұрады: Күлтегін, Қорқыт ата, Бекет ата, Жәнібек-Керей, Абылайхан, Кенесары, Абай, Шәкәрім т.б. (ер есімдері). Қарашаш ана, Домалақ ана, Жұбан ана, Ұмай ана, Ұлбике ана, Баян сұлу, Ақжүніс, Қыз Жібек, Айман-Шолпан, Ұлпан, Мәриям Жагорқызы, т.б. (әйел есімдері).

Топонимдерден жасалған годонимдерді бірнеше топқа бөлуге болады. Астионимдерден жасалған годонимдер: Ақмешіт, Бесбалық, Орынбор, Сауран, Сарайшық, Сығанак, Түркістан т.б. Қазақстан аумағындағы тарихи қалалар атаулары. *Комонимдерден жасалған годонимдер:* Алтынемел, Алмалық, Баршын, Белқарағай, Жайлаукөл, Жаңатұрмыс, Жосалы, Кеген, Киікті т.б. *Оронимдерден жасалған годонимдер:* Асқартау, Арғанаты, Баянтау, Бектау, Бозбиік, Керегетас, Қалба, Қаратау, Сұлутөбе, Ұлытау т.б. *Жайлау атауларынан жасалған годонимдер:* Ақжайлау, Белжайлау, Саржайлау, Ойжайлау, Сусамыр, Сұлутөр т.б. *Гидронимдерден жасалған годонимдер:* өзен атаулары – Ақсу, Аспара, Еділ, Ертіс,

Есіл, Жайық, Кеңгір, Құланөтпес, Сырдария т.б.; *бұлақ атаулары* – Көкбастау, Кербұлақ, Қайнар, Сарбұлақ, Ақбастау т.б.; *көл атаулары* – Жарқайың, Балқаш, Бесшалқар, Зайсан, Марқакөл, Шалқар т.б.

Этнонимдерден жасалған годонимдер: Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс т.б.

Фитонимдерден жасалған годонимдер: Аққайың, Қызылқайың, Майқайың, Жиделі, Қайыңды, Қамысты, Миялы, Мойылды, Шиелі т.б.

Тарихи ескерткіштер атауынан жасалған годонимдер: Ақсу-Аюлы, Арқайым, Әулиеата, Арыстан бап, Беғазы-Дәндібай, Берел т.б.

Ұлттық ойын атауларынан жасалған годонимдер: Ақсүйек, Алтыбақан, Көкпар т.б.

Өнер туындыларының атауынан жасалған годонимдер: күй атаулары – Балбырауын, Кербез қыз, Майда қоңыр, Серпер, Телқоңыр, Әсемқоңыр, Әлқисса т.б.; ән аттары – Елім-ай, Ақбаян, Майдақоңыр, Назқоңыр, Ашудария т.б.; поэма атауы – Үшқиян, Қалқаман-Мамыр, Ләйлі-Мәжнүн т.б.; эпостық жырлар атауы – Алпамыс, Қобланды, Ер Тарғын; би атауы – Камажай, Қаражорға т.б.

Ұлттық дәстүр атауларынан жасалған годонимдер: Бастаңғы, Бәсіре, Шашу т.б.

Зоонимдерден жасалған годонимдер: Құндызды (тышқан тұқымы), Құлынды (топоним), Тайбурыл, Құлагер (жылқы атауы), Желмая (камелоним), Шортанды (балық түрі) т.б.

Космонимдерден жасалған гонимдерден: Құс жолы, Темірқазық т.б.

Мифонимдерден жасалған годонимдер: Зеңгі баба, Қамбар ата, Ойсыл кара, Секесек ата, Шопан ата т.б.

Жалпы лингвистикалық сатысына қарай Астана годонимдері дамудың үшінші кезеңінде тұр: *бірінші* – жалпы есімдік кезең, *екінші* – жалпы есімдердің жалқы есімдерге айналу кезеңі, *үшінші* – жалқы есімдердің годонимдерге өту кезеңі. Сонымен қатар жалпы есімдердің бірден годонимдерге айналған түрлері де кездеседі, демек трансонимизация мен топонимизация құбылыстары қатар көрінеді. Мысалы, дауылпаз, жетіген, қобыз, шертер, перне (домбыраның бір бөлшегі) т.б. *өнер аспаптарының атаулары* жалпы есімдерден лексикалық тәсіл арқылы жалқы есімге ауысқан, осы секілді *фитонимдерден жасалған* ақселеу, бәйшешек, сарыгүл т.б., *зоонимдерден жасалған* ақсұңқар, бозторғай, бұлбұл, қарлығаш (құс атаулары), тұлпар, сәйгүлік (жылқыға қатысты атаулар) т.б. *топонимизация* тәсілінің нәтижесі, яғни жалпы есімдердің жалқы есімге ауысуы. Даму сатыларынан өту топонимдердің типтік үлгілерінің қалыптасып, нормалануына мүмкіндік тудырады. Лингвистикалық тұрғыдан – фонетикалық, лексика-семантикалық және грамматикалық болмысының орнығуы, экстралингвистикалық тұрғыдан – ұлт әлемінің Астана годонимдерінің біртұтас мазмұнына тоғысуы болып табылады.

Ілгеріде келтірілген мысалдарда қазақ халқының тарихы, мәдениеті, тұрмысы,



жалпы алғанда ұлттың руханияты бейнеленген. Әр годонимнің мағынасы арқылы берілетін ақпараттардың арқалаған жүгі қомақты. Мысалы, «Елім-ай» әннің аты ғана емес, естіген жанға қазақ тарихындағы өте ауыр кезеңді елесетеді. Ал «Керей-Жәнібек» – ел билеген хандар, олардың өзгелерден ерекшелігі Қазақ мемлекетінің алғаш іргесін қалаған және ұлттық тарихтың бастауында тұрған тұлғалар. Осы секілді *фитонимдер* арқылы халықтың өсімдіктану әлемі, *зоонимдер* арқылы қай жануарларға жақындығы, оларға деген көзқарасы, танымы т.б. бейнеленеді. Алуан түрлі тақырыптардағы осы секілді ақпараттардың барлығы қазақтың руханият әлемінен хабар береді, демек Астана ономастикасының жаңаруы арқылы халықтың ұзақ жылдар бойын көз жазып қалған құндылықтары қалпына келді, атау беру дәстүрі жаңа заманға лайық қайта түледі.

Жергілікті ұлт өкілдеріне бөтен болса да, ғасырлар бойы орнығып қалған ұғым-түсініктер мен көзқарастар бар, сонымен қатар Астана халқының ұлттық құрамы алуан түрлі, сондықтан годонимдердің даму бағыттары туралы қоғамдық көзқарастар да аса маңызды. Тәуелсіз мемлекеттің ширек ғасырдан аса өміріндегі тілдік саясатының бағыты мен бағдары, атау берудің байырғы дәстүрлі жүйесін қайта жаңғырту мен қазіргі көзқарастарды үйлестірудегі орнын айқындау ел болашағы үшін аса маңызды мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қоңыратбаева Ж.М. Годонимдер тарихи-мәдени дереккөз ретінде // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. 2015, Астана, Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, № 5 (108). – Б. 71-77.
2. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: «Наука», 1978. – 191 с.
3. Астана ономастикасы. – Астана: «Астана полиграфия», 2012. – 248 бет.
4. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың Республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. – 432 бет.
5. Сидорова В.В. Трансонимизация прецедентных имен из произведений Дж. Р.Р.Толкина в современной американской лингвокультуре // Альманах современной науки и образования, № 2 (21) 2009, часть 1.
6. Жеріңнің аты – Еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2006. – 808 б.
7. Яковенко М.В. Трансонимизация как ономастическая универсалия // Ономастичні науки. — 2009. — № 1(3). — С. 6-8. — Бібліогр.: 9 назв. — рос.
8. Гурская Ю. А. Явление трансонимизации в древней онимии балтийских и славянских языков // Известия Российского государственного педагогического университета им. АИ Герцена. №151. 2012 г. 73-81 с.

*Арман Бердалин,
Ақмола облысы Тілдерді дамыту
басқармасының басшысы*

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АХУАЛ

Екі ғасырға жуық орыс патшасының, одан кейін жетпіс жылдай Кеңес Одағының құрамында болған кезде қазақтың жер-су, елді мекен атаулары түгелге жуық өзгертіліп, нақтырақ айтқанда, орыстанып кеткендігі белгілі.

Әсіресе, тың аймағы саналатын еліміздің солтүстік өңірлерінің атаулары жаппай орыстанып, ежелгі ұлттық бастауымыздан ажырап қалғандай күй кешкен едік. Бірақ, бақытымыз бар екен, тәуелсіздік таңы атып, соның арқасында жоғалтып ала жаздаған ұлттық құндылықтарымызды ақырындап қайтара бастадық. Соның бірі – жер-су, елдімекен атауларының қайта қазақылануы. Бұл бағытта Ақмола облысында қыруар шаруалар атқарылды және атқарылып жатыр. Оның басында облыстық ономастика комиссиясы тұр. Облыстағы жер-су, елді мекен атауларының қалпына келтірілуі, осы жұмыста кездесіп отырған қиындықтар, болашақта атқарамыз деп ойға алған жоспарларымыз туралы айттып өтейін.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының келісімімен 2016 жылғы 20 шілдеде ономастика мәселесіне қойылған тоқтам бір мәртелік амалмен алынғанынан баршаңыз хабардарсыздар.

Былтыр 300-ге жуық атауды жаңартып, еліміз тәуелсіздігінің 25 жылдығына тарту жасадық. Әсіресе, 20% ғана қазағы бар Сандықтау ауданы 100 көшесін ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен өзгерткенін айрықша атап өткім келеді.

Нақтырақ айтар болсам, 2016 жылы облыстық ономастика комиссияларының (21 қазан, 5 желтоқсан) отырыстарында 272 көше және 1 ауылды қайта атау туралы мәселе қаралып, оң шешімін тапты. Аудан және аудандық маңызы бар қалалар мен елді мекендердің көшелерін қайта атау туралы шешімдер Әділет департаментінде тіркеліп, заңды күшіне енді. Сондай-ақ облыстық маңызы бар Көкшетау және Степногорск қалаларының 7 көшесі мен 1 даңғылы қайта аталды.

2016 жылы Атбасар ауданындағы Новоалександровка селолық округі - Бастау ауылдық округі, Новоалександровка селосының атауы - Бастау ауылы, Целиноград ауданындағы Воздвиженка селолық округі - Нүресіл ауылдық округі, Воздвиженка селосының атауы - Нүресіл ауылы болып қайта аталды.

Ақмола облысының орталығында Ақан сері, Біржан сал атындағы мәдениет және музыка колледждері бар. Халық композиторы, әйгілі «Гэкку» әнімен танымал Үкілі Ыбырай мен атақты балуан, өнерпаз спортшы Балуан Шолақтың есімі аталмай жүр еді. Халықтың көптен күткен тілегі қабыл болып, 2017 жылғы 13 мамырда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №261 қаулысы қабылданды. Аталмыш құжатта Ақмола облыстық филармониясына-Үкілі **Ыбырайдың**,



Ұлттық спорт түрлерінен облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне-
Балуан Шолақтың, Көкшетау қаласының №18 орта мектебіне-халық жазушысы
Сәкен Жүнісовтің, №3Ақкөл орта мектебіне-белгілі қоғам қайраткері, дарынды
журналист **Жайық Бектұровтың**, Еңбекшілдер ауданы Сәуле орта мектебіне-
қазақ педагогика ғылымының профессоры, ғалым **Шәрәпи Әлжановтың**,
Қорғалжын ауданындағы Дружба орта мектебіне-белгілі қоғам қайраткері, Ұлы
Отан соғысының ардагері **Ақтан Төлеубаевтың**, Ерейментау ауданындағы
Малтабар орта мектебіне-туған ауылына алғаш мектеп салып, ұстаздық еткен
Перуаш Кәрімовтің есімі берілгендігі туралы жазылған.

Жуырда Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық
ономастика комиссиясының қарауына Көкшетау қаласының 42 көшесін қайта
атау туралы құжаттар жолданды.

Сондай-ақ Еңбекшілдер ауданын–Біржан сал ауданына, Ерейментау қала-
сының № 2 орта мектеп-лицейіне - Насыр Смағұловтың, №3 Аршалы орта
мектебіне –Жұмабек Тәшеневтің есімін беру туралы ҚР Үкіметі қаулыларының
жобасы пысықталуда.

Қай нәрсені де бүлдіру оңай, бірақ, қалпына келтіру қиын. «Ақтабан шұбы-
рынды, Алқакөл сұлама» атанған тарихымыздың қиын-қыстау кездерінде қазақ-
тың сол замандағы ел қамын ойлайтын көшбасшылары екі құрлыққа бірдей
қанатын жайған іргелес алып мемлекет – орыс патшасымен одақ құруды ойлаған
екен. Бірақ, әуелі одақ болып басталған бұл қадамның соңы мойынға түскен
отаршылдық қамыты болып жалғасып, Кенесары, Наурызбай сияқты атпал
азаматтарымыздың қолдарына қару алып, азаттық үшін айқасуымен, күші ба-
сым жаудан жеңіліп, мерт болуымен, ақыр соңында ата-баба жерінен ығысып,
құйқалы өңірлеріміздің орыс қолына өтуімен аяқталған болатын. Бірақ, Кенеса-
ры-Наурызбайдан басталған ұлт-азат-тық күресі кеңес заманына дейін де, одан
кейін де тоқтаған емес. Қазан төңкерісі кезінде Алашорда төңірегіне топтасқан
ұлтымыздың көзі ашық, көкірегі ояу елжанды азаматтарымен жалғасқан
тәуелсіз ел болуға ұмтылу идеясы Кеңес Одағы құрамында жүрген жылдарда да
ұмытылған жоқ.

1991 жылғы желтоқсанда келген тәуелсіздік сол ұзақ жылдар бойы жүргізілген
күрестің заңды нәтижесі десе болады. Кеңес өкіметі орыс патшасы сияқты ашық
отаршылдық билік жүргізбесе де, жымысқы шовинистік саясат арқылы қазақтың
тілі мен ұлттық салт-дәстүрлерін, жер-су, елді мекен атауларын түгелдей жою
бағытында мақсатты жұмыстар атқарып келді. Көкшетауды «Кокчетав», Бурабай-
ды «Боровое» деп атап, жазған кезді басымыздан өткердік. Енді аз уақыт болғанда,
елді мекендеріміз бен жер-су атаулары түгелдей өзгеріп кетуге шақ қалып еді.

Ақмола облысының бұрынғы Гусарка, Дорофеевка, Елизаветинка, Ильинка,
Рождественка деп жалғасатын орыс атауларының орнына Кенесары, Наурыз-
бай, Олжабай, Қабанбай, Аңғал батыр, Қарауыл Қанай би сияқты халқымыздың
біртуар ардақты ұлдарының есімдері орын алды. Одан қалды, Домбыралы, Ақсу,

Бозайғыр деп ежелден қазақ қойып жүрген атаулар қалпына келтірілді. Облысымызда бұл бағытта атқарылған жұмыстар ауқымды.

Комиссия құрамында облыстық мәслихат депутаттары, мемлекеттік қызметкерлер, ғалымдар, облысқа белгілі, ел-жұрт танитын адамдар бар. Олар өздеріне жүктелген міндеттің ауырлығын және жауапкершілігін жақсы сезінеді. Сондықтан болар, тізе қосып бірлесе жұмыс істейміз және заң мен ғылыми негіздерге сүйене отырып, ең алдымен жергілікті халықтың пікірін ескеріп шешім шығаруға күш саламыз. Осыған орай, біз шығарған шешімдер тұрғындар тарапынан үнемі қолдау тауып, түсіністікпен қабылданып жатады.

Осы уақыт ішінде комиссия елді мекендер мен жер-су атауларын қалпына келтіру бағытында көптеген шаруаларды тындырды.

Мәселен, Зеренді ауданындағы Лосевка деген ауылға сол өңірде өмір кешкен Бөгенбай би атауын беру барысында көптеген кедергілерге ұшырадық. Ұсыныс өту үшін басым дауыс алуымыз керек. Осыған байланысты халық арасында түсінік жұмыстарын жүргізіп, қазақтың белгілі тұлғаларының бірі, осы өңірде өмір кешкен Бөгенбай би атауының лайықты екендігіне жұртшылықтың көзін жеткіздік.

Пухальский селосына батыр Мәлік Ғабдуллин атамыздың есімін берген кезде де сондай насихат жұмыстарын жан-жақты жүргізуге тура келді. Міне, осындай түсіндірме жұмыстарын үйлесімді жүргізуден болар, біздің ұсыныстарымыз үнемі тұрғылықты халық тарапынан қолдау тауып отырды және тұрғындар арасынан біздің азаматтық құқығымыз шектелді деген өкпе-реніш айтылған емес. Елді мекен немесе жер-су атауын өзгертерде қатаң заң шеңберінде жұмыс істеп, ең алдымен, ғылыми негіздерге сүйенеміз. Осыған орай, ғылыми мекемелермен байланысып, мұрағаттарды ақтаруға тура келетін жайлар болады. Яғни, комиссия жұмысы үлкен жауапкершілік пен ізденісті қажет ететін ауыр шаруа.

«Жеріңнің аты – бабаңның хаты» деген сөз бар. Ол хат өшсе, сол жердің тарихы да бірге өшеді деген сөз. Сондықтан, бұл ұлттық ең көкейкесті мәселелердің бірі.

Көп шаруа тындырдық деп қол қусыратын заман емес қазір. «Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады» деген сөз бар, қазақта. Ең бастысы, біз тәуелсіз, әлем мойындаған, жарқын болашаққа ұмтылған мемлекет болдық және де Нұрсұлтан Назарбаев сияқты елінің қазіргісі мен болашағын ойлаған, диаспора саналатын жүздеген ұлт пен ұлысқа ортақ Отан болған Қазақстанның басты байлығы–татулығы мен бірлігі екендігін жұртшылықтың санасына сіңіріп келе жатқан, ұзақ жылдарға арналған нақты жоспары мен мақсатын айқындаған көшбасшымыз бар. Жер-су атауларын қалпына келтіру жұмыстары барысында Елбасының салиқалы саясатына сызат түсірмеуге тырысамыз. Ономастикалық атауларды қалпына келтіру жұмыстары өз ырғағымен алдағы уақытта да, яғни, толық аяқталғанша жүргізіле береді.

Андреевка, Еленевка, Мариновка, Калиновка, Ивановка сияқты атаулар әлі де облысымыздың аумағында жетіп артылады. Бір кезде ол атаулар жергілікті



халықтың пікірімен, көзқарасымен еш келіспестен қойыла салынған. Ал, қазір ол жердің ежелгі атауын қалпына келтіру үшін жергілікті тұрғындардың арасында түсінік жұмыстарын жүргізуге және олардың қолдауын табуға, сондай-ақ, мұрағаттар мен басқа да тарихи деректерді ақтарып, бұрынғы атауын табуға, одан кейін мәслихатқа ұсынып, олардың бекітуімен әділет органдарына жолдауға – міне, осындай көптеген жұмыстарды атқаруға тура келеді.

2016 жылдың аяғында облыстық тілдерді дамыту басқармасының мамандары Омбы қаласының мұрағатына барып, көптеген ескі карталардың көшірмесін сатып алып келді. Аталмыш картадағы мәліметтер алдағы жұмысымызға оң септігін тигізеді деп ойлаймын.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын басшылыққа алып, Елбасының ономастика мәселесіне сәйкес берген тапсырмасын орындау, сондай-ақ «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Ақмола облысы әкімінің қолдауымен облыстық тілдерді дамыту басқармасы «Қазақстан-Көкшетау» телеарнасымен бірлесіп облыс аумағындағы елді мекендердің тарихи атауларын қайтару үшін іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, «Атаулар сыры» сериясымен деректі фильм түсіруді жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта аудан әкімдеріне тапсырма беріліп, жергілікті жерлерде аталмыш мәселеге қатысты жұмыс топтары құрылды. Жұмыс топтарына көнекөз қариялар, өлкетанушылар, ұстаздар мен тарихшылар тартылуда. Бұл игі бастамамыз облысымыздағы ономастикалық мәселелердің оңтайлы шешілуіне оң ықпалын тигізеді деп ойлаймын.

Биылғы ономастикалық жұмыстарымыз Елбасының берген тапсырмасына сәйкес жүргізілетін болады, яғни идеологиялық тұрғыдан ескірген, қайталанатын атауларды тарихи жер-су атаулары және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен өзгертетін боламыз. Ал кісі есімдерімен атау мәселесіне мейлінше шектеу қойылатын болады.

Қазіргі уақытта облыс аумағындағы елді мекендер мен көшелерді қайта атау мәселесі бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр.

2017 жылғы 30 маусым күні облыстық ономастика комиссиясының кезекті отырысын өткізуді жоспарлап отырмыз. Онда облыс бойынша 200-ге жуық көше қайта аталып, 10-шақты елді мекенге тарихи атаулары қайтарылмақшы.

Жер атын, елді мекен, көше атауларын өзгерту ең алдымен елдікке, халқымыздың болашағына, келешек ұрпаққа керек. Бұл – сана тәрбиесінің бір саласы, өзекті саласы, аса маңызды буыны. Сондықтан да, жер-су, елді мекен атауын қазақыландыру – мемлекеттік маңызы бар көкейкесті мәселе. Бұл бағыттағы жұмысты тоқтатпақ түгілі, ешқашан босаңсытуға болмайды. Біз жер-суымыз бен елді мекендеріміз толықтай қазақыланған елде өмір сүргенде ғана өзіміздің тәуелсіз елдің азаматы екенімізді толыққанды сезіне алмақпыз.

*Кемел Оспанов,
Солтүстік Қазақстан облысы
Тілдерді дамыту басқармасының басшысы*

ЕСІЛ ӨҢІРІНДЕГІ ОНОМАСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Үстіміздегі жылдың 12 сәуірінде «Егемен Қазақстан» республикалық газетінде жарияланған «**Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру**» атты мақаласында жаһандық заманда ұлттық құндылықтарды сақтап, оны одан әрі сабақтастыратын ұрпақ тәрбиелеу бағытында екі қағиданы ұстануды меңзейді. Оның біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

Кеңестік дәуірдің ықпалынан арылудың бір жолы - тоталитарлық сипаттағы және мән-мағынасыз қойылған, моральдік тұрғыда ескірген елді мекен, жер-су атауларын жою болып табылады.

Әлдебіреудің сұрауымен немесе ұйғарымымен атала салмаған, халық тарапынан қойылған жер-су атаулары – сол жердің табиғи құжаты болып табылады.

Қазақстанның солтүстік аймағының географиялық жағдайы мен мекендеген халықтың ұлттық құрамына байланысты бұл өңірде жер-су аттарының орынсыз өзгеріске түсуінің тарихы әріден басталатыны белгілі.

Ресей отаршылдығымен бетпе-бет келген өңірдегі қазақтардың тілі мен діліне, ұлттық салт-санасына нұсқан келтіре отырып, жергілікті халықты маргиналдық санадағы тобырға айналдыру екі жарым ғасыр бойы империялық саясат негізінде жүйелі түрде жүргізілді.

Социалистік жүйені ту еткен кеңес үкіметі тоталитарлық топонимді жүзеге асырды. Осы арқылы халықтың тарихтық жадының бір саласы ретінде қалыптасқан тұрақты тарихи ұлттық ұғымына айналған елді мекен, жер атауларын зорлықпен өзгертіп, одан кол үздірді.

Әлеуметтік зерттеулер нәтижесінде жиналған мәліметке қарағанда «Солтүстік Қазақстан облысы елді мекендердің тізімін» құрастырушы мамандар барлық атаулардың «60 пайызы қазіргі талап етіп отырған үкімет саясатына сай келмейді» деп есептейді. Жалпы жүргізілген мониторинг бойынша бүгінгі таңда Солтүстік Қазақстанда моральдік ескірген округ саны – **42**, ауыл саны – **104**, көше саны – **592**.

Мамлют, Тайынша, Жамбыл, М.Жұмабаев аудандарында Октябрь, Октябрьское, Аққайың, Мамлют, Тимирязев аудандарында Ленино, Ленинское, Тайынша ауданында Ильичевка, Ильич, Комсомолец, Тимирязев ауданында Дзержинское, Жамбыл, Ғ.Мүсірепов атындағы аудандарда Буденное, Жамбыл ауданында Бау-



манское, Чапаевка, Матросовка, Мамлют ауданында Қызыләскер, Бостандық, Краснознаменное, М.Жұмабаев ауданында Пролетарский, Ақжар ауданында Коммунизм, Есіл, М.Жұмабаев аудандарында Советское, Шал ақын ауданында Социал.

Қоғамдық-саяси, мәдени-тәлімдік маңызы өлшеусіз ұлттық атаулар жөн-жосықсыз өзгертіліп, табиғатымыз бен болмысымызға үш қайнасы сорпасы қосылмайтын атаулар қаптап кеткен. Мәселен, Ақжар-Покровкаға, Арқалық-Андреевкаға, Қосағаш-Новомихайловкаға, Кегерін-Новоникольскийге, Жекекөл-Благовещенкаға, Құтырлыған-Екатериновкаға, Түлкіойнақ-Святодуховкаға, Кіндікті-Оседлоеге, Бақырлген-Петровкаға, Қоржынкөл-Спасовкаға айналдырылған.

Сонымен қатар, Кладбинка, Кабань, Дашка-Николаевка, Конюхово, Куломзино, Барашки, Пулеметовка, Ташкентка, Чернозубовка, Разгульное, Тахтаброд, Краматоровка сияқты тілге орамсыз әрі мағынасыз елді мекендер атауларын әрбір ауданнан кездестіруге болады.

Жер-су атын өзгерту – жай әуесқойлық емес, сол маңайда бұрын ешқандай халық мекендемеген, демек, иесіз жерге қазық қағуға болады деген жымьсық саясатпен әдейі жасалған шара екені мәлім. Және мұндай ат қою немесе байырғы қазақы атауларды өзгерту ешқашан тоқтамастан, бірте-бірте жүргізіліп келді.

Бұған, сонымен қатар, қазақы атаулардың өзінің транскрипциясын өзгертіп, адам танымастай қалыпқа түсіргендікті де қосу керек (Мысалы: Шабакты – Чебашье, Тереккөл – Торангул, Тоқыш – Токуши, Асан – Асаново, *Мәңгісор - Меңкесер және тағы басқа*).

Өткен тарихымызды еске салатын атауларды қайтару – уақыт еншісінде. Бүгінгі күні Есіл өңіріндегі келешегі бұлынғыр емес, тасжолдың бойында орналасқан, қаймағы бұзылмаған елді мекендер атауларының шығу тарихына немесе географиялық ерекшелігіне аса мән бере отырып, зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Соңғы екі жылда өңірімізде 14 көше жаңа атауға ие болды (*Тайынша ауданы: Ленин – Қазақстан Конституциясы, 50 лет ВЛКСМ – Мағжан Жұмабаев, Ақжар ауданы: Пролетарская – Кеңес Қажымұратов, Шал ақын ауданы: Первомайская – Есім Шайкин, Петропавл қаласы: Юбилейная – Жәлел Қизатов, Рижская – Тауфик Мухамед-Рахимов, Явленское шоссе – Қожаберген жырау және бірқатар жаңа көшелерге Қазбек Байболов, Ғалым Малдыбаев, Фазыл Кәрібжанов, Есләм Зікібаев*).

Президент әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес өңірлердегі идеологиялық тұрғыдан ескірген, қайталанатын атауларды тарихи жер-су атаулары және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен өзгерту, сондай-ақ кісі аттарына мейлінше шектеу қою бойынша жұмыстар қолға алынды.

Осыған орай, басқарманың жұмыс жоспары бойынша аудандарға іссапар

барысында селолық округ әкімдері арасында семинарлар ұйымдастырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде Қызылжар ауданы Архангельское ауылдық округі Архангельское ауылындағы Сегізінші көше - Жастар, Он бірінші көше – Береке, Партизанская көшесі – Жеңіс көшесіне ауысты. Атауы жоқ көшелерге Достық, Бірлік, Береговой атаулары берілді. Новокаменка ауылының тұрғындары Ленин көшесін Тәуелсіздік, Крайняя көшесін – Жанаталап, Чапаев көшесін – Центральная, ал атауы жоқ көшелерді Лесная, Юбилейная, Жұлдыз деп атау қажет деп шешті.

Гайдуково ауылындағы Бірінші және Екінші болып аталатын көшелер Бейбітшілік, Степная деген жаңа атауларға ие болды.

Облыста жергілікті ұлт өкілдері ең көп мекендеген (90 пайыз) Уәлиханов ауданында орысша аталатын екі ғана елді мекен бар: Золотая Нива және Молодая гвардия. Осы ауылдардың байырғы атауларына байланысты бірқатар деректер қарастырылып, Молодая гвардияның тұрғындарынан елді мекенді Сырымжер деп атау туралы ұсыныс түсті.

2014 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Петропавл қаласындағы қазақ классикалық гимназиясына Халық жазушысы Сафуан Шаймерденовтің, № 20 орта мектепке қоғам және мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшеневтің, Есіл ауданы Николаевка орта мектебіне Асқар Игібаевтың есімдері берілді.

Сондай-ақ, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Петропавл қаласының қызмет көрсету саласы колледжі Кеңес Одағының Батыры Искандер Даутовтың Петропавл темір жол көлігі колледжі мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының ардагері Бәйкен Әшімовтің, Қызылжар ауданы Березовка негізгі мектебі Кеңес Одағының Батыры Филипп Чижиковтың есімімен аталды.

СҚО әкімдігінің тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы Елбасының мақаласындағы «**Туған жер**» жобасын іске асыру бойынша әр түрлі субъективті жағдайларда негізсіз өзгертілген тарихи-географиялық топонимдерді біртіндеп қалпына келтіру жұмыстарын жүргізеді. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі.

Тарихи топонимика, дәлірек айтқанда, тәрбиенің пәрменді құралы болып табылатын тарихи өлкетану талпыныстарының қайнар көзі.

Еліміздің жас жеткіншектері өз Отанын мақтан еткенде, оның әр ауылының, өзені мен көлінің, төбесі мен тауының, тіпті шоқ-шоқ ағашының қалай аталғанын білгісі келетіні табиғи қажеттілік. Осы қажеттілікті өтеу мақсатында колледж студенттері мен мектеп оқушылары арасында «**Шырайлы аты елімнің – қасиетінде жерімнің**» облыстық шығармалар байқауын өткізуді жалғастырады.



Биыл 5-ші жыл қатарынан үздік шығармалар жеке кітапша болып бастырылды.

Ата-бабамыздың ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен жанын беріп жүріп қорғап қалған туған жеріміздегі ұлттық атауларды болашақ ұрпаққа мирас ету – парызымыз. Игі іске жергілікті өлкетанушылар, зерттеушілер, ғалымдар тартылуда. Өткен жылы жергілікті өлкетанушы, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры Зарқын Тайшыбайдың «**Атамекен атаулары**» деген еңбегі басылып шықты.

Солтүстік Қазақстан облысы тілдерді дамыту басқармасының тапсырысы бойынша дайындалған кітапта қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарайтын аумақтың жер-су, елді мекендер атаулары тарихи және этнолингвистикалық тұрғыда зерттелген. Уақыт жағынан алғанда, 1830-2015 жылдар аралығын қамтиды. Облыстағы ономастикалық жұмыстың жайына шолу жасалған және бұл тараптағы тәжірибе мен Қазақстан заңнамалары талданған.

Үстіміздегі жылы маусым айында Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетімен бірлесіп, өңіріміздегі ономастика мәселесіне арналған алқалы отырыс өткізілмек. Оған университет ғалымдарымен қатар, жергілікті өлкетанушылар, ономастика комиссиясының мүшелері, облыс, қала және аудандар әкімдерінің орынбасарлары қатысады.

Сонымен қатар, басқарманың ресми сайтында ономастикаға арналған жеке бөлім ашу жоспарланып отыр.

Солтүстік өлкенің ұлттық келбетін келтіру бағытындағы жұмыстарды жандандыруға ықпалын тигізу үшін ономаст-ғалымдардың қатысуымен республикалық деңгейдегі алқалы жиын өткізуді ұсынамыз.

*Батырбек Қайыр,
Павлодар облысының
тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы
Ономастика жұмыстары бөлімінің басшысы*

ПАВЛОДАР ӨНІРІНДЕГІ ЖАҢАРҒАН АТАУЛАР

Сіздердің назарларыңызға Павлодар облысы бойынша ономастика мәселесіне қатысты соңғы 2 жылда атқарылған жұмыстар бойынша баяндамамызды ұсынамын.

Облыс аумағында 3 қала, 10 аудан, 4 кент, 168 ауылдық округ, 402 ауыл, 3496 көше тіркелген. Олардың ішінде 2 қала, 5 аудан, 262 ауыл және 1354 көшенің атауы қазақша атаулар болып табалады.

Ономастика мәселелеріне қатысты заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін Павлодар облысында қайта атау мәселесіне байланысты біршама жұмыстар атқарылған болатын. Оған себеп ең алдымен Жеңістің 70 жылдығына байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі Кеңес Одағы Батырларының және бірқатар ордендермен марапатталған Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімдерін көшелерге, объектілерге беруді тоқтамнан тыс жүзеге асыру жөніндегі № 20-56/И-204 тапсырмасы болса, екінші тапсырма Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысы Ә. Жақсыбековтің ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңындағы тапсырмасы мен бүгінгі күні жүзеге асырылып жатқан **идеологиялық тұрғыдан ескірген, қайталанатын атауларды** тарихи жер-су атаулары және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен өзгерту туралы Қазақстан Республика Президенті Әкімшілігінің 2017 жылғы 28 ақпанда берген № 17-388-5 тапсырмасы ықпал болып отыр.

Ендігі кезекте атқарылған және жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға нақты тоқталып өтейін. Жалпы осы үш тапсырманың маңыздылығын ескеріп, облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы тарапынан ең алдымен облысымызға қарасты қала, аудандардың ономаст мамандарымен, өкілді және атқарушы органдардың заңгерлерінің, сондай-ақ қайта атау құжаттарын тіркеуге тікелей қатысы бар әділет органдары өкілдерінің қатыстырылуымен семинар-кеңес ұйымдастырылып, қайта атау жұмыстарының тәртібі түсіндірілді. Бұған қоса осы мақсаттағы семинарлар қала, аудан атқарушы органдарының ұсынысы бойынша жергілікті жерлерде ауылдық округ әкімдері мен бөлім басшыларының, сондай-ақ өкілді және атқарушы органдары өкілдерінің қатысуымен өтіп, заңнамалық актілердегі екі ұшты болып жүрген проблемалар ортаға салынып, оны шешудің жолдары қарастырылды.



Осындай түсіндіру және насихаттау жұмыстарының нәтижесінде жеңістің 70 жылдығына орай берілген тапсырмаға сәйкес өңіріміздегі елді мекендердің 49 көшесі қайта аталып, оларға Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Құдайберген Сұрағанов, Қанаш Қамзин, Иван Суптель, Серікбай Мүткенов, Махмет Қайырбаев, Михаил Катаев, Хиуаз Доспанова, Григорий Кравченко сынды Кеңес Одағы батырлары мен ерекше ордендермен марапатталған Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімі берілді (Бауыржан Момышұлы 9 көше, Әлия Молдағұлова 10 көше, Мәншүк Мәметова 5 көше, т.б).

Бұған қоса 4 білім беру мекемесіне яғни Павлодар қаласының № 22 жалпы орта білім беру мектебі мен Ақсу қаласы Пограничный селолық округінің орта мектебіне Бауыржан Момышұлының, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің Бірлік жалпы орта білім беру мектебіне партизан Жылбек Ақәділов пен Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің Ақсаң жалпы орта білім беру мектебіне Дүйсенбай Рахметовтің есімдері берілді.

Сонымен қатар ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңындағы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысы Ә. Жақсыбековтің тапсырмасына сәйкес біршама жұмыстар атқарылып, идеялық көзқарас бойынша көнерген атаулар қоғамдық патриоттық рухты нығайту мақсатында танымал ұлы тұлғалардың есімдерімен, сондай-ақ тәуелсіздік ұғымымен байланысты атаулармен 122 көше алмастырылып, 2 елді мекеннің атауы қайта жанартылды. Атап өтер болсақ Ыбырай Алтынсариннің есімімен 5 көше, К. Кенжетаевтың есімімен 2 көше, Бөкейхановтың есімімен 4 көше қайта аталса, Советская, Пионерская, Ленина, Пролетарская, Совхозная сынды мән-мағынасы ескірген көше атаулары Тәуелсіздік, Бейбітшілік, Береке, Атамекен, Достық, Бірлік, Болашақ, Жастар, Ынтымақ, Жеңіс, Нұрлы жол, Астана тағысын тағы осыған ұқсас егемендігімізді дәріптейтін тәрбиелік мәні зор атаулармен алмастырылып, Ақсу қаласына қарасты Парамоновка ауылы Береке атауымен, Ақтоғай ауданына қарасты Ивановка ауылы Жалаулы атауымен қайта аталды.

Қазіргі уақытта өңірімізде **идеологиялық тұрғыдан ескірген, қайталанатын атауларды** тарихи жер-су атаулары және ұлттық танымға жақын дәстүрлі атаулармен өзгерту туралы Қазақстан Республика Президенті Әкімшілігінің 2017 жылғы 28 ақпанда берген № 17-388-5 тапсырмасына сәйкес жүйелі түрде жұмыстар атқарылуда. Осы тапсырманы негізге ала отырып, ағымдағы жылдың 26 сәуірінде өткен **«Көне түркі жазба жәдігерліктері – қазақ жазба мәдениетінің бастауы»** атты аймақтық ғылыми-практикалық конференцияға **ономастика мәселесіне қатысты жеке секция ұйымдастырылып, оған арнайы Назарбаев университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Ағабекова Жазира Ағабекқызы шақыртылып, «Түркітану және ономастикалық кеңістік»** атты тақырыпта баяндамасы жасалды.

Аталған тапсырма негізінде қазіргі уақытта облысымызға қарасты қала, аудандардан 32 көше мен 4 ауылдың атауын өзгертуге байланысты құжаттар қабылданып, ағымдағы жылдың 30 мамырында өткен облыстық ономастика комиссиясында қаралып, оң қорытындыға ие болды. Қайта аталынуға ұсынылған бұл ауылдар мен құрамдас бөліктер атауларының барлығы да идеологиялық тұрғыда ескірген Советов, Жилплощадка, Энтузиастов, Южная, 30 лет Целины, Ленин, Советская, 70 лет Октября, Целинная, Октябрьская тәрізді атаулар Сарыарқа, Бәйтерек, Баянауыл, Кенші, Мерей, Желтоқсан, Атамекен, Азаттық, Отан сияқты жастарға тәрбиелік мағынасы зор атаулармен алмастырылатын болады. Ономастика комиссиясының бұл отырысы 2017 жылдың алғашқы отырысы болып есептелсе, жыл соңына дейін тағы да бірнеше отырыс өткізіп, 100-ден аса көшенің атауын өзгертуді, сондай-ақ Лебяжі ауданының атауын Аққулы, Качир ауданының атауын Тереккөл деп өзгертуді жоспарлап отырмыз. Осылардың ішінде Качир ауданының атауын Тереккөл деп өзгерту мәселесі осыған дейін 2009 жылы Республикалық ономастика комиссиясына да ұсынылған болған болатын. Алайда жарияланған мораторийдің салдарынан құжаттар кейін қайтарылғандықтан, Қазақстан Республика Президенті Әкімшілігінің тапсырмасы негізінде аудан атауын өзгерту мәселесі жаңа заңнамалық талаптарға сәйкес қайта әзірлену жоспарланып отыр.

Қорыта айтқанда жоғарыда айтылған тапсырмалар негізінде Павлодар облысында соңғы 2 жыл ішінде 180 көшенің атауы, 2 елді мекен атауы өзгертіліп, 4 білім беру мекемесіне ұлы тұлғалардың есімі берілді.

Осы жұмыстардың барлығы да Тіл басқармасының ішінен арнайы ономастика жұмыстары бөлімі ашылғандығының арқасында іске асырылды деуге болады. Себебі 2016 жылға дейін Басқармада ономастика мәселесіне қатысты жұмыстармен тек бір маман ғана айналса, қазіргі уақытта арнайы бөлім жұмыс істеуде. Сондықтан осы бөлімнің ашылуына себепкер болған Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық саяси жұмыс комитетіне ризашылығымыз мол.

Алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табатын болады.

Мазмұны

Рухани жаңғыру

З. Құламанова. Ұлттық сананың жаңғыруы - туған өлке, атамекен, ономастика.....	3
Ономастикалық терминдердің қысқаша сөздігі.....	10
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.....	25
<i>Ойтоғыс</i>	
М.Мырзахметұлы. Жаңа дүниетаным және ономастика мәселесі.....	45
Х.Әбжанов. Қазақстанның киелі жерлері және ономастика.....	50
Б. Әбдуәлиұлы. Тарихи атауларды жаңа заманға сай қайта тағайындаудың топонимиялық шарттары.....	53
А. Бердалин. Ақмола облысындағы ономастикалық ахуал.....	59
К.Оспанов. Есіл өңіріндегі ономастика мәселелері.....	63
Б. Қайыр. Павлодар өңіріндегі жаңарған атаулар.....	67

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ
Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Ш. Шаяхметов атындағы
тілдерді дамытудың республикалық
үйлестіру-әдістемелік орталығында
теріліп, беттеді.

Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған
С. Баубекова
Редактор С. Жұмағұлов
Корректор М. Шіменбаева

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7 А,
Тел.: 8 (7172) 40-83-97
Tilortalyk@mail.ru

Теруге берілген күні 18.05.2017 ж.
Басуға қол қойылған күні 19.06.2017 ж.
Пішімі 70x100 1/16. Шартты баспа табағы 5,7
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.